

Санжар Ғұлама

Сіз жақсы  
адалсыз



Алматы  
2021

ӘОЖ  
КБЖ  
Ғ

Ғ **Санжар Ғұлама**  
**СІЗ ЖАҚСЫ АДАМСЫЗ /С. ҒҰЛАМА – Алматы:**  
«XXXX» баспаханасы, 2021. – 160 бет.

ISBN

Бұл жинаққа бүгінгі күнде есімі көпшілік қауымға таныс, белгілі ақын Санжар Ғұламаның таңдамалы өлеңдері топтастырылған. Өмір құбылыстарына өзіндік көзқарасы бар ақынның тосын ой, өзгеше бейнеленген жырлары өз шынайылығымен оқырман көңілінен орын алады, деген үміттеміз.

ӘОЖ  
КБЖ

ISBN

© Ғұлама С., 2021



## ӨЛЕҢ ДЕГЕН – ШЫНАЙЫЛЫҚ

Көңіл көгін қара бұлт торлағанда, жақын досың жүректі қорлағанда, жапырақ жаның сұп-суық сөзге жаурағанда, көп ішінде жалғыз қалған адамдай, өз ішінде өзің теңселгеннен жалыққанда, кемседеген үмітпен біреуден жылы сөз естігің келіп тұрады. Жалғыз ауыз жылы сөз жанардағы жасты кептіреді. Қуаныш күлкісін өптіреді. Жалғыз ауыз шынайы сөз жарық дүниенің шұғыласына шомылған тағдырыңмен табыстырады.

Өз басым Жаратушының ең құдіретті есімі – Шынайылық, деп ойлаймын. Шынайылық – Жаратушы! Сондықтан болу керек, өлең сөздің қадірқасиетін, обалы мен сауабын терең сезінуге ұмтылған Санжар Ғұлама: «Сіз – жақсы Адамсыз!» дейді. Айналасындағы әр адамнан жақсылық нұрын іздеген, жақсылыққа жаны құштар, өлең өлкесіне шынайылықпен қадам басқан бауырымның кітабын осылай атауы да орынды, деп қабылдадым.

Менің ойымша өлең деген – шынайылық. Өмір де ешқашан жасанды болмайды, өлең де солай. Өкініштісі, көп адам өлеңді сірескен ұйқастан тұратын сөздердің жиынтығы – біреуді мақтау, я болмаса, даттау, деп қабылдайды. Олай емес. Өлең еш ұйқассыз да жазылуы мүмкін.

Кітап – Рух дәрумені, қиянат вирусына қарсы егілген үміт вакцинасы. Жақсы кітапқа айналған ақын қашанда құрметке лайық. Оның әр қадамы мәртебелі! Бірақ естен шығармау керек, барлық жазарман жақсы кітапқа айнала бермейді.

Осы ретте, артымнан ерген талапты інім Сан-жарға «Жақсы кітапқа айналған ақ сөйлейтін ақын бол, айтқан сөзің жерде қалмасын! Өмірде де, Өлеңде де жолың ашық болсын», деп ақ жол тілеймін!

*Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ,*

*ақын*





## **АҚЫНДЫ АҚЫН ТҮСІНБЕСЕ, СОЛ ҚАЙҒЫ...**

«Ақынды ақын түсінбесе, сол қайғы» дей ме? Санжар бауырым, өлеңдерімді оқып, дәйім тілекші боп жүретін әрі тағдырдың тауқыметін жастайынан арқалап, арқасының тері қатқан ақын жігіт. «Кітабым шыққалы жатыр, алғысөзді өзіңіз жазыңыз» дегенде абдырап, бір жағынан қуанып та қалғаным рас.

Өлең десе өзі де өлеңге айналып-ақ кетейін деп тұрған, өкшелеп келе жатқан іні-сіңілілерімнің денін оқимын. Оның ішінде Санжар да бар. Іздеп жүріп оқимын демей-ақ қояйын, әлеуметтік желіде жарқ ете қалған жырларын жанардан тыс қалдырған емеспін. Жүрегіңе жылы тиіп, «ойпырым-ай» дегізетін өлеңдер жоқ емес.

Қазір өлең жазған адамға да, өлеңге де оскырына қарайтын уақыт қой. Ешкімнен ештеңе күтпей, оңмендемей Құдайдың ұстатқан қаламына адалдық танытатын жас таланттарға әрдайым басымды иемін.

Санжар – ақын. Тілге бай. Құнарлы сөзді құбылтып құлаққа жағымды етіп ұсынуды біледі. Сөздің қадірі мен қасиетін ұғынады. Тым бөспе, аттандаған пафосқа үйір емес. Менің замандастарым пафостық өлеңдермен ауырып едік әйтпесе. Ұйқасқа нық. Өмірді де, өлеңді де қиындатпайды.

Айту керек нәрсені оп-оңай өлең ғып бере салғанына іштей сүйсініп қаласың.

«...Басыңыздан қарша борап, сынақтар,

Сабырыңыз сыналады, сөнбеңіз!» деп жігер беретін өлеңдері, жасыған жүрек пен қалған көңілге қанат берері анық.

Санжар ақыл айтудан аулақ, бірақ кез-келген сынаққа шорт сынғалы тұрған оқырманның еңсесін көтереді.

Кез-келген ақын философ қой. Санжар пәлсапаны да адам санасына тықпаламай, жеңіл береді.

Адамдардың мінез-құлқын суреттеу кезінде бағыл қадам жасайды. Тіпті «Алыстан сыйлас менімен» деген өлеңінде өзінің де кей мінездерін өткір айтады. «Өркеуде жанмын – тәкаппар», «жалынмын, отпын лаулаған», «Бейшара бейбақ біреумін, шатастырмаңыз серімен» дейді. Бұл да болса адамның бойындағы қадір-қасиеттің не жақсы, не жаман деуге келмейтінін нықтайды.

Санжардың өлеңдерінде «Құдайды іздеу» концепциясы басым. Ізгілік, адамзат пен ғаламзаттың біртұтастығын интуициялық түйсінуі сүйсінтеді. Кей оқырманға жалған дүмшелік көрінуі мүмкін, дегенмен бұл ақынның өзін іздеуі, деп түсіндік.

Өлең өлкесіне алғашқы кітабын құшақтай еніп тұрған Санжар бауырыма шалқар шабыт тіледім. Төрт аяғын тең басқан, жалына қол жуытпай асаусып тұрған ақыннан ізін шала тағы топтамаларын күтеміз. Жас жігіттің жалынға толы лирикалық толғаныстарын да оқығымыз келгенін жасырмаймын.

*Асылзат АРЫСТАНБЕК,*

*ақын.*





## ҒҰМЫРЫ ҒИБАРАТТЫ ҒҰЛАМА

Өлең жазу өнерін өн бойына Тәңір дарытса да, оның кереметін көркейтп, ажарын аша түсу – кезекті жазба кейіпкерімнің міндеті. Қолына қалам алып, қағазға көңіл шерімен қоса қоғам дертін түсіріп жүрген Түркістандық ақын Санжар Ғұламаның есімі әлеуметтік желіде бүгінде көш бастап тұр. Мамандығы мұғалім болғанымен жүрегі қара өлеңмен егіз. Поэзия сүйер қауымға кеңінен таныс болу үшін Санжар туралы аз-кем ақпар ақтарсам.

Орда бұзар отызға жақындаған жас тырнақалды туындысын небәрі 3 сыныпта жазған екен. Бозбала жүйрік қиялымен талай мүшәйраларда оза шауып, бәйгелерде қарсыластарын шаң қаптыратын. Жоғары оқу орнынан ағылшын тілі мамандығын алғаннан соң, дереу қызметке орналасып, мәртебелі маман иесі атанып та үлгерді. Мұның бір дәлелі «Ы.Алтинсарин», «Қазақстанның ұлағатты ұстазы», «Шығармашыл, тәжірибелі ұстаз», «Ұлағатты ұстаз» төсбелгілерін таққаны. Жазудан бас алмайтын ақын жігіт «Әлем Халықтары Жазушылары Одағының» мүшесі. Санжар өңірдегі өткір тақырыптарды көтеріп, түйткілдің түйінін тарқату жолында мерзімді басылымдардан қол үзген емес. Нәтижесінде ҚР Журналистер Одағына мү-

шелікке енеді. 2010 жылы «Тылсым дүние қасиеті» тақырыбында аударма кітабы жарық көрген.

Көпшілікке «Ғұлама» тегімен танылған жас ақын әлеуметтік желілердегі парақшаларында тыңнан түлен түрген тақырыптарымен ерекшеленген. Өлеңдерінің басым бөлігі қоғамның көлеңкелі тұстарына арналады. Өзіндік ойы қалыптасып, жазу стилі жүйеленген. Желіде халық «ә» дегеннен-ақ Санжардың туындыларын таласа-тармасаса оқып, үздіксіз пікір қалдырып отырады. Көбіне «Ана» тақырыбына қалам тербейтін жас ақын кезінде «Алаңдама, апа сен, алаңдама» өлеңі арқылы өзі өлім мен өмір арасында жатып, анасына рухани күш бергенін жиі тілге тиек етеді. Өмірлік тұлғасы Мұхтар Шахановты пір тұтатын Санжар отбасындағы ұлттық құндылық пен тәрбиені тереңнен толғай білетін ақын. Оның 2015 жылы «Айтыңдаршы, осы мен қандай жанмын?» тақырыбында жеке шығармышылық кеші өткен.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Санжар Ғұлама қай тақырыпта болмасын қисыннан өлең өріп, поэзияның жілігін шағатыны жасырын емес. Махаббат майданына еніп, елдің болашағына бас ауыртар, бүгіннің мәселесіне базына айтар сөз шебері. Оны ақынды ардақтаған әрбір Алаш азаматы Санжардың әлеміне еніп, дәлелдеп келеді.

*Ақмарал ҒАНИҚЫЗЫ,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі*

## УА, АЛЛА!

Болмайтын затты болдырған,  
Ұлығым – Өзің, бір Алла.  
Кеудеме әкеп қондырған,  
Кестелі сөзің – жыр, Алла.  
Оңаша бүгін ой қозғап,  
Өзіңе айттым сыр, Алла.  
Тайқысам тура жолыңнан,  
Хидаятыңа бұр, Алла.  
Пайдасыз істі сөз етсем,  
Әрнені шолып құр, Алла.  
Сөзімді тағы безеп Сен,  
Төрешім болып тұр, Алла.  
Бұл құлың Саған сенген-ді,  
Мерейін үстем қыл, Алла.  
Қалдыра көрме пендеңді,  
Қайырлы істен құр, Алла.  
Жырымды түзеп,  
Әр сөзің,  
Қыла гөр гауһар-дүр, Алла.  
Өлеңге толған кеудеме,  
Өзіңнен жаусын нұр, Алла.



*(жогарыдагы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## СІЗ ЖАҚСЫ АДАМСЫЗ

Сіз – жақсы Адамсыз!  
Мен үшін Күн-айсыз!  
Басқаны білмедім, өзіме ұнайсыз.  
Сіз де – бір тұлғасыз өзіндік орны бар,  
Жердегі адамзат әлемін құрайсыз.  
Бір күншіл пенденің негізсіз сөзіне  
Қапа боп,  
Қайғырып,  
Несіне жылайсыз?  
Жүрекке ауыр жүк болмай ма..., әркімнің  
Қабылдай берсеңіз сөздерін бұлай сіз.  
Осылай кетсеңіз, мұң іштен кеміріп,  
Беті аулақ, бір күні соңында құлайсыз.  
Адамзат ауырса қадірі жоғалып,  
Бір пенде боп қалар сүйкімсіз-шырайсыз.  
Жұқарса жүйкеңіз,  
Ауырған кездердің  
Ақысын, ах ұрып, кімдерден сұрайсыз?!  
Өмір ғой – ақпенен қарадан құралған  
Сабырлы болсаңыз, бәріне шыдайсыз.  
Өсекші жандардың жағы да бір тынар,  
Жер басып жүргендер оңбайды Құдайсыз.  
Әділдік бар болса – олар да бір көрер,  
Таптала бермейтін шығарсыз ұдай Сіз.

«Әлемнің Жақсысы – Өзім», деп біліңіз,  
Қып-қысқа өмірде ойнаңыз, күліңіз.  
Бітпестей боп жүрген мынау қу Жалғанда,  
Жәй ғана жолаушы жандардың біріміз.  
Өмірдің әр күні – Алланың сыйы ғой,  
Ендеше «Аллаға шүкір», деп жүріңіз.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## МЕНІҢ «ЖАЛҒАНДАРЫМ»

*(Өз-өзіме бір сәттік есен)*

Мына қу жалған өмірде,  
Түр-түрі шықты-ау жалғанның.  
Жылтыры көзді жаулап ап,  
Шыр-пыры шықты талғамның.

Сөзіме менің сенбеңдер,  
Бәрі де жалған, өтірік.  
Білмесем-білсем, әйтеуір,  
Сөз сөйлей берем көпіріп.

Отырып алып желіде,  
Санаусыз сурет салғанмын.  
Түріме сеніп қалмандар,  
Фотошоп жасап алғанмын.

Төндіріп қара аспанды,  
Телміріп ұзақ талғанмын.  
Қашанғы алдай беремін,  
Жасанды бәрі. Жалған мұң.

Күлсем де күлем өтірік,  
Бақытты жандай жадырап.  
Күлмесем бақыт құсымнан,  
Қалатындаймын ажырап.

Атағыма да сенбеңіз,  
Ақша мен таныс – шешімі.  
Дүркіреп тұрса деп едім,  
Санжар Ғұлама есімі.

Атыма дағы нанбаңыз,  
Ғұламов Санжар әу бастан.  
Санжар Ғұлама дей беріп,  
Ғұлама шықты-ау маубастан.

Ақыңдығым да әйтеуір,  
Жетісіп тұрғаны шамалы.  
Желіге шығып желпектеп,  
Жұлдыз болудың амалы.

Жылы сөзім де өтірік,  
Жай көңіл үшін айтылған.  
Жалғаным шыға береді,  
Алсаңыз дағы қай қырдан.

Өмірде, расы, қорқақпын,  
Айтпасқа тағы амал жоқ.  
Батыр боп жүрмін, артымда  
Тұрған соң Сіздер қамал боп.

Дін Ислам, дедім, діңгегім  
Айтышпын уағыз имамдай.  
Құдайдан қалай жасырам,  
Әлсіреп тұрған иманды-ай!

«Жалғанды Шындай, Шынды Жын  
Ұрғандай» етіп айтамын.  
Не әдет екен, мұндайда,  
Кетеді қозып шайтаным.

Жалғанда жалған өмір-ай,  
Пендеден қулық артылмас.  
Шындықты айтар кез келсе,  
Шабытым менің сарқылмас.

Бәрі де жалған, Алла – рас!  
Күндерім – өмір парағы.  
Жалғанды жалғап жалғанға,  
Өмір-ай өтіп барады!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **ЕЙ, АДАМДАР...**

Ей, Адамдар..  
Бәлкім, Сіз – бақ-сорым да,  
Жақсы көрдім мен Сізді Хақ жолында.  
Әрқайсыңды жаныма жалау етіп,  
Жүрек дейтін сақтадым жақсы орынға.

Ей, адамдар...  
Қуаныш-қайғым да – Сіз,  
Сізбен кедей,  
Мен, бәлкім, баймын нағыз.  
Көңіл мынау өзіңмен жадырасын,  
Өмір дейтін менімен айдында жүз.

Ей, адамдар,  
Жақсым – Сіз,  
Жаманым – Сіз,  
Әуелетіп әнімді салам үнсіз.  
Қиындықпен келетін қуанышта,  
Оңайлықпен алынбас қамалымсыз.

Ей, Адамдар...  
Мен үшін қымбатсыңдар,  
Қымбатсыңдар,  
Әрқайсың жұмбақсыңдар.  
Мынау өмір ширатар бәрімізді,  
Жігеріңді жаниды шыңдап сыңдар.

Ей, Адамдар..  
Бәлкім, Сіз – бақ-сорым да,  
Жақсы көрдім мен Сізді Хақ жолында.  
Әрқайсыңды жаныма жалау етіп,  
Жүрек дейтін сақтадым жақсы орынға.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## БОЛМАҢЫЗШЫ ЖҰРТ АЙТҚАН СӨЗІНЕ АЛАҢ...

Болмаңызшы жұрт айтқан сөзіне алаң,  
Сізді жаман дегеннің өзі жаман.  
Білемін ғой,  
Жазықсыз жаны ауырған  
Ұзақ уақыт ұмытпас кезін адам.  
Басқаларға қадірсіз жан шығарсыз,  
Бір асылдың боласыз көзі маған.  
Мен де болғам құрбаны жамандардың,  
Күйіңізді бұл сәттік сезіне алам.  
Өмір атты майданда менің дағы  
Кездерім көп мұңайған, не жылаған.

Дақ түспесін, Құрметтім, арыңызға,  
Мен қуанам өмірде барыңызға,  
Бұл безбүйрек қоғамға дауа бар ма,  
Мұң арттырған жазықсыз жаныңызға.  
Арзымайтын жандардың арзан сөзі –  
Құр бекерге тимесін шамыңызға.  
Жігеріңіз құм болып,  
Соған бола,  
Суға бекер кетпесін салыңыз да.  
Бір Алла, деп  
Басыңыз алға қадам,  
Әрбір атқан ШҮКІР, деп таңыңызға.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## АЛЛА БІЛЕР...

Құдайсызға Құдай да салмады зер,  
Тіпті оны қабылдай алмады жер.  
Саған ненің қайырлы, қайырсызын,  
Сен білмейсің, адамзат!  
Алла білер.

Қиыншылық кез келсе, қамықпа да,  
Жалықпа да,  
Жат мінез танытпа да.  
Сабыр қылмас безбүйрек,  
Болар бір күн,  
Досқа күлкі, дұшпанға анық таба.

Достың жинап мықтысын, ажарлысын,  
Жүрегіңнің жарасын жазармысың?  
Айтқызбай-ақ ұғатын жан дертіңді,  
Бір Алладан артық дос табармысың?!

Ойлағаның аспаса іске тағы,  
Тұңғиыққа, өтінем, түспедағы.  
Бір Аллаға сал дағын  
Сілкіп жібер,  
Сал боларсың, жинасаң ішке тағы.

Мен Алланың бір өзін ұлықтадым,  
Мүз жанымды қаладым жылытқанын.  
Көңілімді жамандар жықпасын деп,  
Біржолата есігін құлыптадым.

Уа, Жүрегім, қамықпа!  
Алла қолда!  
Мадақ айтып Раббыңды талма, толға.  
Қиыныңды сабырға жеңдіресің,  
Одан басқа амалың бар ма қолда?

Алла сенен сұрадым ҚАДІР ғана,  
Қажеттілік бар менде САБЫРға да.  
Өлмейтіндей боп жүрген бұл пендеңнің,  
Барар жері емес пе қабір ғана?!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ПЕНДЕМІЗ...

«Басым бүтін, төрт құбылам тең», деңіз.  
Жаман дерттен жаныңызды емдеңіз.  
«Біз күткендей болмады», деп кей-кейде,  
Күпірлікке барамыз-ау демде біз.

Нәпсіңізге билік жасап бір сәтке,  
«Бұл өмірдің бақыттысы – Мен», деңіз.  
Жалған Дүние әлди айтар өтірік,  
Ертегісі есті арбайды, сенбеңіз!

Басыңыздан қарша борап сынақтар,  
Сабырыңыз сыналады, сөнбеңіз!  
«Бәрі бітті», деп енжарлық танытпай,  
Қатеңізді дер кезінде жөндеңіз.

...Көсілеміз біздер «Бәрін білем», деп,  
Шын мәнінде көп нәрседен кендеміз.  
Сценарийін Алла жазған киноның  
Бір-бір рөлін сомдап жүрген ПЕНДЕМІЗ.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **СЕНІ СҮЙМЕУІМ КЕРЕК ЕДІ...**

Сені сүймеуім керек еді,  
Жаныма зілдей мұң артып.  
Не таптым екен,  
Өзіңдей,  
Қайырсыз жанға құмартып.

Сені сүймеуім керек еді,  
Жарға да жығып басымды.  
Қарадай қалып көңілім,  
Жүрегім бүгін ашынды.

Аһ ұрдым, айнам,  
Амал не?!  
Еселеп іштім уыңды.  
Өзіңдей жаннан жерініп,  
Көңілім әбден суынды.

Жалғызың едім,  
Бір демде,  
Жалмауыз біреу болыппын.  
Бағымды іздеп жүргенде,  
Сорыма қалай жолықтым?!

Байқадым бүгін,  
Өзіңнен,  
Қайыр жоқ екен,  
Қайыр жоқ.  
Күйге де түстім күйгелек,  
Өлең де жаздым шайыр боп.

Бес күнде таңдау,  
Талғам көп,  
Ешкімге сенім қалған жоқ.  
Әуелі сүйер,  
Артынша,  
Сезімі шығар жалған боп.

Көңілден қаяу кетсінші,  
Бәрі де жалған,  
Өткінші.  
Осынау жазған өлеңім,  
Өзіңе хат боп жетсінші.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## АЛЫСТАН СЫЙЛАС МЕНІМЕН...

Әй, мені жақсы білмейсіз...  
Сүйем де...,  
Лезде жерінем,  
Болмысым солай,  
Әу бастан –  
Бейкүнә жан боп көрінем.  
Қиялыңызға ең жақсы КЕЙІШКЕР болып орнықсам,  
Сыйыммен жүре тұрайын!  
АЛЫСТАН СЫЙЛАС МЕНІМЕН!

Әй, мені жақсы білмейсіз...  
Өркеуде жанмын – ТӘКАППАР,  
Есіркеп мені ессіз ой,  
Масайтар арзан атақтар.  
Көрінгеніммен жуас боп,  
Мінезімде де «шатақ» бар,  
Түбіме менің жетеді тілімнен тапқан «апаттар».

Жаныма жолай көрмеңіз:  
ЖАЛЫНМЫН, ОТПЫН лаулаған,  
Дау-дамай бастан арымай  
Атаңдым кейде «даулы адам».  
Пейішке барғым келгенмен

Тозаққа лайық – амалым,  
Періштетегедеймін,  
Ал, бірақ,  
Жанымды шайтан жаулаған.

Адаммын:  
Айтқан сөзімен сай келе бермес бір ісі,  
Бір сәттік жалған жарасым – суретте тұрған тұрысы.  
Жаманға мені қимасаң,  
Жақсым, – деп, мейлі, жақын тұт,  
Адам, – деп мені сыйласаң,  
АЛЫСТАН СЫЙЛАС, ДҰРЫСЫ!

Бейшара бейбақ біреумін,  
Шатастырмаңыз СЕРІмен,  
Ішіме бүктім бір қырын, сыр айтып тұрып кеңінен.  
Жақындау келсең көңілің алыстап жүрер, ағайын,  
Құрметтің болып қалайын!  
АЛЫСТАН СЫЙЛАС МЕНІМЕН!

Мен кейде мейір төгермін – жарылқап бәрін  
шетінен,  
Ал, кейде жыртқыш адаммын – у шашыраған  
бетінен.  
Жақсым, деп жүрген кезінде  
Жаманың болып қалмайын,  
Арада қалсын сыйластық!  
АЛЫСТАН СЫЙЛАС, ӨТІНЕМ!

Адамның өзін шет қойып,  
Сыйластым атақ-шенімен,  
Пайдамды ғана ойлаппын,  
Жасаған болсам нені мен?!  
Сен күткен жаннан  
Бір күні  
Бір басқа адам боп шықсам,  
Жаныңа жәбір болмасын!  
АЛЫСТАН СЫЙЛАС МЕНІМЕН!

Біреуге мінсіз ақынмын,  
Біреуің, – дедің- «батырым»,  
Білгішпін – кеше туа сап,  
Бітпейді-ау арзан ақылым.  
Санаңда сенің МІНСІЗ боп сақталған болсам,  
Сол күйі –  
Жүре тұрайың,  
Менімен –  
АЛЫСТАН СЫЙЛАС, ЖАҚЫНЫМ!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ҚҰЗЫРЫҢА КЕЛДІМ ТАҒЫ ЖАРАТҚАН!

Көп нәрсеге қанық болды көзім шын,  
Бәрі жалған!  
Тек Ақиқат – Өзіңсің.  
Иман берші Жарылқаушым Жаратқан,  
Пендең Сені жан-тәнімен сезінсін!

Керек емес қу дүниенің ғажабы,  
Ғажабымен қатар жүрер азабы.  
Адамдар көп дүниеге құнығып,  
Болып жүрген талайлардың мазағы.

Бүгін тағы Раббым саған жүгіндім,  
Көтере алмай салмағы зіл жүгімнің.  
Жеңіл қылып ауырымды,  
Алдыңда,  
Ақ болуын нәсіп етші жүзімнің.

Болса дағы сыртым – бүтін,  
Ішім – мұң,  
Шүкір деймін осы күнім үшін мың.  
Налымаймын,  
Тағдырыма ризамын,  
Бәрін-бәрін кеш те болса түсіндім.

Сынағыңда кедергі көп,  
Мұң басым,  
Қолда, Алла!  
Қолда, сағым сынбасын!  
Аттай болып жүргеніммен өмірде,  
Таппай жүрген бір бейбақпын мұңдасын.

Күлкі болдым мұң шағып ем Адамға,  
Талай бардым мұндай ессіз қадамға.  
Ойламаппын:  
Сен тұрғанда пендеңе,  
Шағым айтып,  
Содан қайыр табам ба?!

Мына өмірде зырлап өтіп баратқан,  
Үміт күттім ақ таңдардан әр атқан.  
Шағым айтып,  
Жабырқаған жаныммен,  
Құзырыңа келдім тағы Жаратқан!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## МЕН ӨЗІҢЕ ӨЛЕРДЕЙ ҒАШЫҚ ЕДІМ...

Мен сенің көздеріңе ғашық едім,  
Көңілімді тек саған ашып едім.  
Қашсам сенің өзіннен емес, еркем,  
Жауабы жоқ сезімнен қашып едім.

Мен сенің сөздеріңе ғашық едім,  
Талай тыңдап мауқымды басып едім.  
Бір сөзіңмен жанымды жасытқанмен,  
Бір сөзіңнен теңіздей тасып едім.

Мен сенің жанарыңа ғашық едім,  
Ғашық едім, өзіңе асық едім.  
Бүр жарғанын сезімнің айту үшін,  
Жыр маржанын талай рет шашып едім.

Мен сенің қылығыңа ғашық едім,  
«Қылықтым», деп, талай қыр асып едім.  
Жүздескен сәт күрмеліп тіл құрғырым,  
Далбырақтап сөз таппай сасып едім!

Мен сенің жүрегіңе ғашық едім,  
Сонда дағы өзіңнен қашық едім.  
Жүрегіңе жол тауып бара алмаған,  
Мен не деген жігерсіз-жасық едім?!

Сен сыйлап ең өмірдің ащы кезін,  
Бұл көзімнің аққан жоқ жасы тегін.  
Қарашығы көзімнің,  
Білемісің?  
Мен өзіңе өлердей ғашық едім.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **СІЗДЕЙ МІНСІЗ БОЛАЛМАДЫМ...**

Сіздей мінсіз болалмадым, Құрметтім,  
Кейде жұмсақ,  
Кейде жауыз – сұр бетпін.  
Өмірімнің өткелінде аңдаусыз,  
Көңілімді, білем, біраз кірлеттім.

Осы жүріс, айтшы, саған сай ма? деп,  
Кейідіңіз...  
Мақсатыңыз пайда тек.  
Маңайына маңғаздана қарайтын,  
Ойбой... Сіздей мінсіз болу қайда, бек?

Осы қалпым,  
Осы меңдік түр-тұлға,  
Әуесім жоқ арзан атақ, жылтырға.  
Келесі жыл осы күймен күн кешем,  
Сол қалпыммен өмір сүргем былтыр да.

Мін іздепсіз көрінгеннен, Кербезім?  
Күнәсі жоқ Сіз, деймін-ау, жерде дым.  
Ал, мен үшін қам жеменіз, өтінем,  
Өз күнәма жауап берем көрде өзім.

Сонша неге шірөңдіңіз мінсіздей?  
Айналаңыз тұнған жым-жырт, үнсіздей.  
Кешіріңіз,  
Кемшілігім көп менің,  
Мінсіз бола алмайды екем тым Сіздей.

Мен – пендемін,  
Бар болғаны сол ғана,  
Сөз сөйлемен Сіз сияқты долдана.  
Ақ параққа арқау етіп мұңымды,  
Оңашада жыр жазамын толғана.

Сіздей мінсіз болалмадым Қымбаттым,  
Мен басқамың,  
Шешуі сол жұмбақтың.  
АДАМ құсап өмір сүрсем  
Мен үшін  
Мәні сонда, – деп білемін шын бақтың.

Сіздей болу қайда маған, Құрметтім?!  
Кейде жұмсақ,  
Кейде жауыз – сүр бетпін.  
Өмірімнің өткелінде аңдаусыз,  
Көңілімді әжептеуір кірлеттім.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ЖАЛЫНБАЙМЫН...

Қамал болам,  
Енді мен алынбаймын,  
Уайымға да құр босқа салынбаймын.  
Сенсіз мынау қалса да қараң күнім,  
Жолың ашық,  
Кете бер,  
Жалынбаймын!

Өз-өзімді езгілеп мұң кешіппін,  
Құлдық ұрып алдыңда күн кешіппін.  
Сүймегенге сүйкеліп жүрген екем,  
Түк шықпасын өзіңнен тым кеш ұқтым,

Сүйіп қалып көп жайтты аңғармапшын,  
Бәрі бітті,  
Сарсаң боп сандалмаспын.  
Құлдық ұрсам алдыңда,  
Бір күн келіп,  
Құдайыңмын, деп тұрсаң таңғалмаспын.

Жалын бердім,  
Сен-дағы жанбаймысың?!  
Жүрегі жоқ жолықты қандай мүсін?  
Саған көңіл бөлмесем жыламсырап,  
Сені басқа көтерсем,  
Даңдайсыдың.

Жақсым, дедім,  
Жаманның ісін қылдың,  
Неге жүрсің жанымда,  
Түсіндіргін?  
Әй, бақытты етем, – деп келген жоқсың,  
Жәй уақытты өткізу үшін жүрдің.

Жүрген жансың алдымда мүсіндей-ақ,  
Кетер ме екем өзіңді түсінбей-ақ?!  
Істеп жатқан істерің ақыл-есі  
Толыспаған бейбақтың ісіндей-ақ,

Сонда-дағы келеді ақтап алғым,  
Гүл теруге талай рет баққа бардым.  
Жүрегіңнің түбіне жетер бір күн,  
Осы өлеңді, өтінем, жаттап алғын.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ӨЗГЕРУДІ БАСТАҢЫЗ ӨЗІҢІЗДЕН...

Анау арам,  
Мынау қу,  
Бәрі жаман,  
Жақсы досқа бір жансыз жарымаған.  
Сіз – жақсысыз,  
Құдды бір  
Басқалардың  
Жақсы қылық бойына дарымаған.

Ешнәрсеге толмай жүр көңіліңіз,  
Ойлағандай болмай жүр өміріңіз.  
Ыза-кекпен жүрсеңіз – заңдылық қой,  
Ауыр болып көрінер жеңіліңіз.

Адам – болса өзгерер шын талабы,  
Білем, кейде көңілді мұң шалады.  
Баз кешсеңіз «жаман» деп барлығынан,  
Тілекші боп қасыңызда кім қалады?!

Кейде жүрек ызаға толар мына,  
Айтшы, содан қайтқан бақ оралды ма?  
Ұнатпаймын, деп бәрін жеки бермең,  
Ұнататын біреу бар оларды да.

Сіздік көңіл, әйтеуір, жайланбады,  
Нәпсі болды пір тұтқан «пайғамбары».  
Бауыр көріп сыйласа білмесеңіз,  
Тәуір болып көрінсін қайдан бәрі?!

Өзгеруді бастаңыз өзіңізден,  
Жылу тарап, бал тамсын сөзіңізден.  
Көз – көңілдің айнасы,  
Жадыраңыз,  
Мейір-шуақ көрінсін көзіңізден.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **ӘКЕ-ЕУ, МЕН СЕНІ САҒЫНЫП ЖҮРМІН...**

Әкеу, мен сені сағынып жүрмін.  
Кірпігіме жас тағынып жүрмін.  
Жаныма зілдей өкпе-мұң артып,  
Көрінген жанға шағынып жүрмін.

Әкеу, мен сені сағынып жүрмін,  
Рухыңа ғана табынып жүрмін.  
Қол үзіп сенен, арысым менің,  
Батпандай бақтан қағылып жүрмін.

Қабағым сірә ашылмай қойды,  
Жүзімнен шуақ шашылмай қойды.  
Жұбатшы мені түсіме еніп,  
Сағыныш дерті басылмай қойды.

Жұбатшы мені түсіме еніп,  
Бағайын тағдыр ісіне көніп.  
Ғажайып сәтке болайын куә,  
Ғайыптың тылсым күшіне сеніп.

Өлімнің ащы дәмін-ай татар,  
Өмірдің мынау заңын-ай қатал.  
Біреуге ақыл дарымай жатса,  
Жылуға біреу жарымай жатар.

Өмірде маған жақын жан едің,  
Ақылын қосқан ақылман едің.  
Өзіңмен күнді батырып, әкеу,  
Өзіңмен таңды атырған едім.

Айламды талай асырған едім,  
Берекеңді көп қашырған едім.  
Асылық кейде жасасам білмей,  
Сабырға мені шақырған едің.

Еркелігімді көтердің, пәлі-ай,  
Қарызым көп-ақ!  
Өтермін қалай!  
Жер басып жүрсем өмірде тірі,  
Рухыңа дұға етермін талай!

Әкеу, мен сені сағынып жүрмін.  
Кірпігіме жас тағынып жүрмін.  
Жаныма зілдей өкпе-мұң артып,  
Көрінген жанға шағынып жүрмін.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **ЕЙ, БАҚЫТТЫ АДАМДАР, АНАСЫ БАР...**

Ей, бақытты адамдар, анасы бар,  
Армансыз жан – Өздерің ғана шығар.  
Байқап келем,  
Анаңдай болмайды екен,  
Жүрегіңе жол тартқан жанашыр әр.

Жанашырым көп менің, жетерлік-ақ,  
Жаратқанға мың шүкір етермін-ақ.  
Бір анамдай болам, деп айналамда,  
Жүз адам жүр,  
Бәрі де бекер бірақ.

Бүгін көзге жас келді тағы, мама!  
Асау көңіл ақылға бағына ма?  
Жырым-жырым жүректің жыртығына,  
Жамау болар бір шара табыла ма?!

Адамдардың ішінен сені іздедім,  
Жараланған жаныма ем іздедім.  
Иығыма жүк түсіп, апау, бүгін,  
Тұйығына тірелген теңіздемін.

Жүрегіме жүрегің сай жан едің,  
Сағыныштың табамын қайдан емін?!  
Қаптап жүрген адамдар,  
Айтыңдаршы!  
Аппақ анам,  
Ақ анам қайда менің?

Табалмадым,  
Іздеп ем табалмадым,  
Ұқсасыңды өзіңдей адал жаным.  
Жоқтығыңды сезіну,  
Білсең еді,  
Жүрегіме найза боп қадалғанын.

Ей, бақытты адамдар, анасы бар,  
Армансыз жан – Өздерің ғана шығар.  
Байқап келем,  
Анаңдай болмайды екен,  
Жүрегіңе жол тартқан жанашыр әр.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## МЕН, МЕН ДЕМЕ...

Мен, мен деме, мен деме,  
Дүниедегі ұлы сен бе не?!  
Бұл күнде Жаратқан Иесін  
Ұмытып барады-ау пенде де.

Бәрі де артта қалар-ау,  
Малыңа тіпті сенбе де.  
Фәниде серігің болар-ау,  
Бақиға қалар сенде не?

Жаманнан жемқор жерігін,  
Жинама дүние сенделе.  
Қабірде иман – серігің,  
Тасисың сонша сен неге?

Аллаға жүргін сүйене,  
Жан берген – Өзі кеудеңе.  
Жан берген жалғыз Иеңе,  
Ғибадат етпеу жөн бе, не?

Ішің бір қалды,  
Сыртыңды  
Сәннедің әбден рең бере.  
Оданда мінез-құлқыңды  
Білсеңіз екен меңгеріңе.

Адам боп тудың, білерім,  
Дүние – сынақ пендеге.  
Адам боп қалшы, тілерім,  
Жан берер соңғы демде де.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*



## ҰМЫТ БӘРІН...

Ұмыт бәрін,  
Не айтқың келген еді?!  
Дым ұқпадым.  
Бір шешімге келіп ал, айналайын,  
Мен әзірге уақытша  
Бәрін қойып,  
Жүрегімнің есігін құлыптадым.

Біртүрлісің,  
Керек емес жасанды,  
Жылтыр мүсін.  
Аз-ақ уақыт болса да таныстыққа,  
Хомелеондай құбылып бетбейнеңнің  
Үлгердің-ау көрсетіп мың түрлісін.

Шаршаттың-ау,  
Жүрмесем болмас сенен алшақ мынау.  
Өзіңді танып алмай тентек басым,  
Сүйем, деп шартарапқа жар саппын-ау.

Күтем, депсің...  
Сен үшін у да болса ішем, депсің.  
Көпірме сөздеріңнің кесірі ме;  
Асау ат секілденген жүрегімді  
Қу сезім қойғандай бір кісендеп шын.

Күтпе. Тойдым.  
Түбіне ене бердім түптеп ойдың.  
Құрбаны болмау үшін махаббаттың  
Мен бүгін барлығына нүкте қойдым.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ҮЙДЕГІ КЕЛІННІҢ «КЕЛІНІ»

Алып келді кеше келін бек ағам,  
Үйімізге тұратұғын жеті адам.  
Қайын іні атандым деп мен жүрмін,  
Масайып жүр ене болдым деп анам.

Төбесіне қойды ағам, жел үрді,  
Оған жеңшем есі кете елірді.  
Мысықтай боп келген келін әу баста,  
Арыстандай болды, соңы семірді.

Атқарды анам үй жұмысын беріліп,  
Жеңшем болса түсте тұрды керіліп.  
Сүйкімі жоқ келінінің алдында,  
Сүйікті ері танытып жүр серілік.

Жардың таңдай алмапты ағам естісін,  
Ғашық болып жоғалтыпты-ау ес-түсін.  
Келін алған анашымды қайтейін,  
Бір тыным жоқ, таңертең, я кешкісін.

Бес елі екен, апа-ау, маңдай-сорың да,  
Бұйырмапты жұмсақ төрден орын да.  
Ене деген атың ғана болмаса,  
«Келін» болып жүрсің келін қолында.

Көрсең дағы зәбір келін – зұлымнан,  
Сөз айтуға жасқанасың ұлыңнан.  
Алаңдарға себеп бар-ау, алайда,  
Шараң бар ма келіңе жұлынған.

Деп жүргенде ене болдым қандай да,  
Біткен екен бетсіз келін маңдайға.  
Тілің қысық бірдеңе деп айтуға,  
Жүрсең дағы қанық болып мән-жайға.

Араз қылған бізді бөліп ағамнан,  
Сөз асырам десем арсыз «мадамнан».  
Сес көрсетіп, ағам шығып алдымнан  
Жармаса ма деп, қорқамын жағамнан?!

Ез ағама қарап, құшты санам мұң,  
Сезіп жүрмін шаршағанын анамның.  
Ішке жұтар байғұс анам қайғысын,  
Сүйген жары деп, – амалсыз, – баламның.

Анасынан безгендерге алаңмын,  
Ең сорлысы болған мынау ғаламның.  
Не көрсе де көндігумен күн кешкен,  
Аман жүрші, қайран қарты заманның.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ТАҒЫ МЕН КІНӘЛІ...

Сөз етіп тұрғанмен ананы-мынаны,  
Қабағың, қайтейін, ашылмай тұр әлі.  
Ренжістік,  
Ұрсыстық,  
Қит етсе, қайтейін,  
Бәріне мен екен жалғыз-ақ КІНӘЛІ.

Айт, қашан айтып ең соңғы рет жөнді сөз,  
Әй, көңіл бөлуді қойдың ғой соңғы кез.  
Артынша томырайып тырыссам тағыда  
Бәріне кінәлі мен болдым ТОҢМІНЕЗ.

Сөзіңнен жүректе жаралы қалды-ау із,  
О, тоба-ай...  
Сөйлейтін бір сенде-ақ бар ма ауыз?!  
Қойылым бойынша бүгін де сен ЖОМАРТ,  
Әдеткі бойынша мен ғана ЖАЛМАУЫЗ.

Адамша сыйласа білмейсің дұрыстап,  
Не жаздым екен-ай жының да жүр ұстап?!  
Артынша МҮСӘПІР күйге ендің, қайтейін,  
Айналып келгенде мен болдым ҰРЫСҚАҚ.

Қиналған мен едім,  
Сен емес, шынында,  
КІНӘЛІ – өзіңсің,  
Шаптықпа, жұлынба.  
Мен үшін ЖҰЛДЫЗсың көктегі қолжетпес,  
Ал, менің сен үшін қалмаған ҚҰНЫМ да.

Азаптан нұры да жүзімнің тайыпты,  
Қайтейін,  
Ұрсуға емес ем лайықты.  
Сен жазған сценарий бойынша бүгін де  
Алдыңда тағыда мен екен АЙЫПТЫ!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## СЕН КЕШЕ БАСҚАША ЕДІҢ,...

Сен кеше басқаша едің,  
Кейпіңді бүгін қарашы.  
Жақсы көрумен жек көрудің  
Бір-ақ сәт екен арасы.

Әй, сен кеше басқаша едің,  
Құбылуыңды қарашы.  
Жамандап мені біреулер,  
Бірдеңе деді-ау, шамасы.

Бозарып таңым атқаннан,  
Қоңырау шалар, деп күттім.  
Алаңдап саған,  
Мен байғұс,  
Өзімді іштей жеп біттім.

Сен кеше менен көз алмай  
Үздігіп қана тұр едің.  
Ал, бүгін болса әп-сәтте  
Жатырқап қапты-ау жүрегің.

Бір күн де өтпей, Құдай-ау,  
Не болды менен безініп.  
Бақыттың дәмін үлгермей  
Қалдым ғой тіпті сезініп.

Азаннан бері мазам жоқ,  
Басымнан жауды-ау қарша мұң.  
Сенделіп санам сан-саққа,  
Алысып оймен шаршадым.



Айнытты сені біреулер,  
Сөз айтқан мені қаралап.  
Әй, содан жүр ғой, білемін,  
Ойыңды күдік аралап.

Көралмайтын да бар, күндес көп,  
Жер басып жүрмін «жауызбен».  
Аяқпен емес  
Дәл қазір  
Жүретін заман ауызбен.

Бақытсыз жандар – қатыгез,  
Өмірін бұзар өзгенің.  
Бұйырмай кеткен бақытын  
Сенен де қалар безгенін.

Заманда мынау араға  
Іріткі салар адам көп.  
Сонда да үлкен үмітпен  
Басамын алға қадам тек.

Бұл күн де өтер... әзірге  
Бағымнан, әттең, сор басым.  
Бес күндік мынау жалғанда  
Бір Аллаһ өзі қолдасын.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## КҮЛІП ЖҮРШІ...

Күлші! Өмір сырғиды ағысымен,  
Жанға біліп жүректің қағысын ем.  
Бүгініңді күлкімен шығарып сап,  
Келер күннің күлкі ізде тағы ішінен.

Бәрі өткінші! Өзімді жекіп нетем?!  
Сабыр етсем, бұдан да өтіп кетем.  
Жұмыр басты пенденің қайсы бірі,  
Қу дүниенің түбіне жетіпті екен?!

Күлсем, әлем маған да күліп қарар,  
Адам деген атым да ұлықталар.  
Орын таппай қайғы да көңілімнен,  
Күні туар еді-ау бір құрықталар.

Күліп жүрші! Сен дағы күліп қара!  
Алға ұмтыл Аллаңды ұлықта да!  
Сабыр етші, қайғыдан құса болған,  
Сен емессің көңілі сынық қана.

Қалмаса да төзімнің басқа амалы,  
Қуаныштан жүзіңді жасқа малы.  
Бұл көңілдің қайғыны жолатпайтын,  
Тек күлкіден болсыншы тас қамалы.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## **ДҰҒА, БҰЛ – ҮЛКЕН ҒИБАДАТ!**

Жинама жанға ыза құр,  
Сынаққа – САБЫР! Шыда құл!  
Шарасыз қалсаң Иеңе,  
Қолыңды жай да, дұға қыл!

Шарасыз күйде қалғандар,  
Таусылма текке,  
Аллаң бар.  
Бес күнде бәрі өткінші,  
Ешкімге салмақ салмаңдар.

Айтқызбай білер сырды ұға,  
Жебейтін Өзі құлды да!  
Естуші болған Раббыңа,  
Егіліп тұрып қыл дұға!

Қылсаңыз дұға құлшынып,  
Біліңіз, бұл да – құлшылық.  
Жалына берсең Өзіне,  
Жаныңа рахат, тылсым, ұқ.

Кешетін жаның күй ғажап,  
Дұға, бұл – үлкен ғибадат.  
Байланыс жасап Раббыңмен,  
Өлшеусіз құрмет-сыйға бат.

Жаратқан пішін, сұлбасын,  
Иесін білмеу құлға сын.  
Дұға қыл: Раббың Өзінен,  
Басқаға мұқтаж қылмасын.

Дұғада төзім, шыдам бар,  
Пайдасын мұмин түбі аңдар.  
Алла деп жүрген, пенделер!  
Еншіңде құнды дұғаң бар.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## САБЫР!

Сабыр! Сабыр! Бәріне Сабыр!  
Жазықсыз жаның көрсе де жәбір.  
Өзіңді патша сезінгеніңмен,  
Сынақта жүрген пендесің қазір.

Тағы да Сабыр! Сабыр ет тағы!  
Сынақ, деп бәрін қабыл ет дағы.  
Ешкімде ақың қалып кетпейді,  
Алла бар, түбі Әділет – қазы!

Барында жаның жалында! Шыда!  
Уайымға, сірә, салынбашы да!  
Сынақта жүрген жалғыз сен емес,  
Кетпесін суға салың да, сірә!  
Адам шешпейді Алланың ісін,  
Айтпашы досқа халіңді ашына.

Үмітке толы таңды ұмытпа,  
Жылжи бер алға жаңды жылыт та!  
Сұраған жанға САБЫР беретін,  
Раббыңды мақта, мәңгі ұлықта!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## РАСЫНДА, МЕН ДЕ БАҚЫТТЫ АДАМ ЕКЕНМІН...

Расында, мен де бақытты адам екенмін,  
Алғысын жинап, батасын алған көп елдің.  
Осынша шексіз тілектің бәрін жинап ап,  
Қанат қып бір күн алысқа самғап кетермін.

Расында, мен де бақытты адам екенмін,  
Келіппін артып Тағдырға өкпе, бекер мін.  
Ащы деп жүрген екенмін, дәмін байқамай,  
Түсіне қарап тұз құсап тұрған шекердің.

Расында, мен де бақытты адам екенмін,  
Бақытсыз жаңдай бақытты іздеп нетермін?!  
Онсызда бүгін бақыттан басым айналып,  
Ақылдан азып, алжыған шалдан бетермін.

Расында, мен де бақытты адам екенмін,  
Тұрғыны болған осынау ғалам – мекеннің.  
Адам боп тудым,  
Бұл да – бір бақыт, емес пе?  
Құдайға шүкір, бұған да тәубе етермін.

Келеді АДАМ, әу бастан, менің атым боп,  
Келеді АДАМ, әу бастан, менің затым боп,  
Осындай Ұлық Жаралып тұрып, өзімді,  
Бақытсыз жанмын деуіме, сірә хақым жоқ.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР...

Шықпасақ та қатар қырға мың,  
Сіздерсіз де атар бір таңым,  
Құдай берсе бастың саулығын,  
Жазылып та жатар жырларым,  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.

Тұрсаңыз да көкте айым боп,  
Сіз, – деп көштен қалар жайым жоқ.  
Тілекшімін:  
Алда шуақты  
Күндеріңіз болсын, лайым, көп!  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.

Шақ болмаса біздің шеніміз,  
Мен емеспін Сіздің теңіңіз,  
Атаққұмар Сіздей жандардан,  
Үмітімді үздім,  
Сеніңіз!  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.

Бір нан жесем бөле жер едім,  
Биік меңдік өре, – дер едім.  
Жек көріңіз,  
Мейлі,  
Мен бірақ,  
Сізді жақсы көре беремін,  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.

Мың құбылтып мұнартқан ізді әр,  
Сөз-өсекке құмартпаңыздар,  
Жек көрем, деп мені бекерге,  
Жаныңызға мұң артпаңыздар,  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.

Сынамаңыз,  
Әй, Сіз, кербезім!  
Мен де сіздей әлсіз пендемін,  
Түк шықпады Сізге жағам деп,  
Жасап бақтым қолдан келгенін,  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.

Онсызда мың құрақ жүрегім,  
Бес күн жалған – сынақ, білемін,  
«Енді оған сіз қосымша боп,  
Күйдірмеңіз», бір-ақ тілегім.  
МЕНІ ҰНАТПАЙТЫН АДАМДАР.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## ҚАЙДА ЖҮРСІҢ, КЕЙІПКЕРІ ТҮСІМНІҢ?!

Бір демменен бірге ауа жұтыстық,  
Осы сәтті талай уақыт күтістік.  
Өн бойымды қорғасындай балқытқан,  
Ернің сенің, еркем, мұнша ып-ыстық.

Өзіңді ойлап, кетіп едім қатты азып,  
Жүдеу жаным жүрегіңнен тапты азық.  
Қысып едім қолдарыммен ақырын,  
Қыпша белің үзіліп тұр нәп-нәзік.

Болар еді-ау басты екеу қып тынсақ,  
Сордың дәмін татты сенсіз жұтқыншақ.  
Саусағымды тигізіп ем, сезіндім,  
Ақ ұлпадай жүзің неткен жұп-жұмсақ!

Құшақтап ем... Тыпыршыдың,  
Қысылдың,  
Қолдарымды күшпен артқа ысырдың.  
Жас жүрегің ауызыңа тығылып,  
Тынысыңның тарылғанын түсіндім.

Жолын тосып сендей бақыт құсымның,  
Түсін бүгін, сыртым бүгін, ішім мұң.  
Ынтызар қып қайта-қайта өзіңе,  
ҚАЙДА ЖҮРСІҢ, КЕЙІПКЕРІ түсімнің?!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## САБЫРДАН МҮЛДЕ АДА БОП ЖҮРМІН...

*(Көңілдің кейбір сәттері)*

Сабырдан мүлде ада боп жүрмін бұл күнде,  
Алыстап бара жатқандай менен күлкім де.  
Көшпенен бірге бой түзеп мен де, әйтеуір,  
Сүйреліп келе жатырмын Өмір шіркінде.

Қажыдым,  
Біттім,  
Таусылдым тағы бүгін де,  
Тым ауыр тартып бара жатқандай жүгім де.  
Жаныма менің жұбаныш болар бір белгі,  
Қалмағаны ма жүректің мынау түбінде?!

Сабырдан мендік титтей де ұшқын қалмады,  
Жүрекке түсті бойдағы күштің салмағы.  
Сиыңдым саған Жаратқан Ием,  
Сиыңдым,  
Күйіндім іштей күнімді ойлап алдағы.

Қолдашы Аллам!  
Қолдай гөр!  
Өзің – Қорғаным!  
Өзімді таппай сенделіп біттім,  
Сорладым.

Баладым баққа сәтсіздігімді сор демей,  
Қаладым шындап бәрі де жақсы болғанын.  
Дұғада дәйім қолдарым!

Қолдашы Аллаһ!  
Қолдай гөр!  
Өзің – Қорғаным!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **КӨҢІЛГЕ ҚАРАП СӨЙЛЕШІ МАҒАН...**

Көңілге қарап сөйлеші маған, құлыным,  
Сезейін мен де сендегі жүрек жылуын.  
Жылдардан қалған көзімде мұңның табы бар,  
Әжімнің ізі жүрегімнен де табылар.

Көңілге қарап сөйлеші маған, жарығым,  
Ол дағы болар адамдық сенің парызың.  
Жүзіңнің айдай көрсем де көркем, сұлуын.  
Жаныңның, әттең, зарықтым сезбей жылуын.

Шашымның ағы,  
Жүзімнің әжім қатпары,  
Шатпағы еді өмірдің өткен шақтағы.  
Мен дағы сендей қылшылдап тұрған жас едім,  
Көңілді мендік өмірдің күзі таптады.

Көңілге қарап сөйлеші, күнім, жатсынбай,  
Күйгелек көңіл сөзіңнен бір сәт тапсын жай.  
Көтеріп келем жағамның кірін әрең мен,  
Ұғарсың бір күн қауышсаң мендік әлеммен.

Жүзіме қарап ұғыншы менің жайымды,  
Жайымды ұқсаң,  
Ұғарсың мендік уайымды.  
Бүгінде көктем басыңда дәурен құрғанмен,  
Күзің де келер,  
Келместей болып тұрғанмен.

Бұлданба бұлай,  
Орынсыз, күнім, бұлданба-ай!  
Ойласам маған көрінер Дүние – зындандай.  
Бітпестей болып көрінген өмір, расында,  
Бір-ақ сәт екен – көзіңді ашып жұмғандай.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## СҮЙШІ МЕНІ...

Сүйші мені!

Сүй мені!

Сүйіктім-ау!

Жылуы жоқ жандардан күйіппін-ау.

Теңіздейін сезімің тамшы болып,

Жүрегіме кетсінші сиып мынау.

Жүрегімнен мұнартқан мұң сығып ап,

Құшақташы, қалайын тұншығып-ақ.

Сіңіп кетіп жейдеме жұпар иісің,

Аңқып қана бойымда тұрсын ұзақ.

Құшақташы!

Құмарым қансын менің!

Ұқсамайтын басқаға жансың, – дедім.

Жақын келші, сезейін тынысыңды,

Баурап қана бойымды алсын демің.

Сағыныппын!

Өлердей сағаныппын!

Сені ғана іздепін сабылып мың.

Қайта келдің, мың шүкір, өміріме,

Кеш те болса қасыңнан табылыппын.

Құшақташы!  
Құш, мейлі, дем жетпесін!  
Басқа жанға жүрегім көнбес тегін.  
Қадіріңді білмеппін бір кездері,  
Бала болдым, ол кезде он бесте едім.  
Үмітімнің сан жалғап бақтым жібін,  
Желпілдемей қажытты-ау ақ түндігім.  
Жылдар өтті арадан,  
Сол кездегі  
Сезім отын тағы да жақтым бүгін.

Сүйші мені!  
Сүй мені!  
Сүйіктім-ау!  
Жылуы жоқ жандардан күйіппін-ау.  
Теңіздейін сезімің тамшы болып,  
Жүрегіме кетсінші сиып мынау.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ЕЛЕМЕДІҢ...

Ары өттім қасыңнан,  
ЕЛЕМЕДІҢ!  
Бері өттім қасыңнан,  
ЕЛЕМЕДІҢ!  
Сен дегенде бұлқынған асау аттай,  
Көңілімді сезбейсің неге менің?!

ЕЛЕМЕДІҢ,  
Қайтейін, ЕЛЕМЕДІҢ!  
Сен дегенде сезімі терең едім.  
«Сүйемін», деп жүрегім АЙҒАЙЛАЙДЫ,  
Естімейтін не деген керең едің!

Жүріп өтсең ұзын жол – көкірегім,  
Көкірегін жол еткен КӨПІР едім.  
Аяғыңның астында жатқан затты,  
Түк көрмейтін не деген соқыр едің?!

Мінгеніңде көлікке – шопыр едім,  
Менен ұзап кетпеші өтінерім.  
Ал, көшемнен сен кеше өткеніңде,  
Жол үстінде тіленіп отыр едім.

Әй, көрмейсің,  
Сен бірақ көрмейсің-ау!  
Өлем десем,  
Бүлк етпей: «Өл, дейсің-ау»!  
Қайта-қайта тұртпектеп,  
Түн ауғанда,  
Түсімде де тыныштық бермейсің-ау!

Болмасам да сен күткен Төлегенің,  
Мүз жаныңды жылытар ӨЛЕҢ едім.  
Өлең едім,  
Қайтейін, ЕЛЕМЕДІҢ!  
Жылуыңа жанымды бөлемедің.

Қара бастың бүгінде мұңы басым,  
Сезімімді сен қашан ұғынасың?  
Маған да бір бұйырар күн бар ма екен,  
Көңіліңнің төгетін шұғыласын?!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## ҚОЛДАШЫ, ҚОЛДА, ҚҰДАЙ!

Қолдашы!  
Қолда, Құдай!  
Жабықтым жолда мына-ай!  
Көзімнің жасыменен,  
Жыр жазам толғанып-ай,  
Күлкі қып қу пендеңе,  
Қоймашы сорлатып-ай!  
Қолдашы, қолда, Құдай!

Шыңдалдым сынағыңда,  
Я күлдім, жыладым ба?  
Құласам, айыбы жоқ,  
Жол жүрем тұрамын да.  
Сенгенім Өзің болдың,  
Тәуекел қыларымда.  
Әр сынақ – сабақ маған,  
Хикмет бар, сірә, мұнда.

Досым тұр оң жағымда,  
Жылытар тоңғанымда.  
Сен Рахым жасамасаң,  
Шарасыз ол да мұнда.  
Раббысы Әлемдердің,  
Өзің бол қорғаным да.  
Өзіңнен медет тілеп  
Дұғада қолдарым да!



Жауым тұр сол жағымда,  
Жармасып жолдарымда.  
Бақыттан басы айналар,  
Бақытсыз болғанымда.  
Болмаса сенен шапқат,  
Я, Құдай сорладым ба?  
Жүргінші жолаушы едім,  
Жүрген бір жол қамында.

Соңғы сын сағатымда,  
Таусылса тағатым да.  
Я, Құдай,  
Досқа күлкі,  
Дұшпанға таба қылма.  
Жарылқап, өзің ғана  
Беретін жаза құлға.  
Жиғаннан айырсаң да,  
Иманнан ада қылма.

Қолдашы!  
Қолда, Құдай!  
Жабықтым жолда мына-ай!  
Көзімнің жасыменен,  
Жыр жазам толғанып-ай,  
Күлкі қып қу пендеңе,  
Қоймашы сорлатып-ай!  
Қолдашы, қолда, Құдай!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ОҚЫРМАНЫМ!

Мен сені аңсап жүрмін оқырманым,  
Түн ұйқымды, тәттім-ау, көп ұрладың.  
Түсім түгіл өнімде елестейді,  
Кітапхана ішінде отырғаның.

Қыздың көріп өзіңдей қылықтысын,  
Жүрегімде от ойнап, жылыпты ішім.  
Барлмадым жол тауып,  
Жүрегіңнің,  
Қақпасында тұрған соң құлып, түсін!

Бүгін тағы ішінде бір бөлменің  
Сезімімнен сыр шертіп үлгермедім.  
Бақ ішінен келіп ем, селт етпедің,  
Әурешілік болыпты-ау гүл тергенім.

Мен байқасам, сезімнен жүрдай жансың,  
Я, болмаса, маған тор құрғандайсың.  
Көздеріңе қарасам, мен айтпай-ақ,  
Бәрін-бәрін сезініп тұрғандайсың.

Ханзадаңның – ғажайып шаһардағы  
Тағы қандай бар екен, аһ, арманы?!  
Сен сүйсініп оқитын сол кітаптың,  
Мен болсам ғой, деп едім қаһарманы.

Жан-дүниеңе жырыммен енгім бар-ақ,  
Бақытыма мен сені келдім балап.  
Сен оқыған жырлардың ең астында,  
Менің атым тұрса ғой менмұңдалап.

Күнде барам осылай армандай бір,  
Үмігіме тек үміт жалғанбай жүр.  
Бүгін тағы барып ем жұмбақ жанның,  
Маған деген сезімі жарғандай бүр...

Мен сені аңсап жүрмін оқырманым,  
Түн ұйқымды, тәттім-ау, көп ұрладың.  
Түсім түгіл өңімде елестейді,  
Кітапхана ішінде отырғаның.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **КЕРЕГІМ БАР МА СІЗГЕ?**

Құрметті оқырманым, жанкүйерім,  
Жүгін жүрген көтеріп нар түйенің.  
Алдында сұрап тұрмын Ар-Киенің:  
– Керегім бар ма Сізге?

Ей, Сендер алыстағы Ай, Күн, Ғаршы,  
Асқақтатқан атымды, қайсың жаршы?  
Өтінемін, тек шынын айтыңдаршы,  
– Керегім бар ма Сізге?

Айналайын, қаймана жұртым менің,  
Қатайтқан – Сен, қалғанда құр сұлдерім,  
Айтыңдаршы, бәрі де білсін, дедім:  
– Керегім бар ма Сізге?

Маңғаз таулар сүйемін шыңдарыңды,  
Жырға қосқам шөл-дала құмдарыңды,  
Айтыңдаршы, тек бүгін шыңдарыңды:  
– Керегім бар ма Сізге?

Жарық Күн мен қара Түн, кердеңдеме,  
Ашылмаған сырыңды меңгер, деме,  
Сұрағым бар қоятын Сендерге де,  
– Керегім бар ма Сізге?

Шабыт іздеп шалғайды кезем, дедім,  
Табиғаттың тылсымын сезем, дедім,  
Айтыңдаршы, айдын көл, өзендерім:  
– Керегім бар ма Сізге?

Мен ғашықпын өзіңе, Жыр-әдемім,  
Таусылғанша бойымнан, сірә, демім,  
Сен де айтшы, жауһар Жыр, мына менің:  
– Керегім бар ма Сізге?



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## «ӨКПЕШІЛ БОП АЛЫППЫН СОҢҒЫ КЕЗДЕ...»

Өкпешіл боп алыппын соңғы кезде,  
Таң қалмаңыз, айналсам тоңмінезге.  
Жылуына бір сөздің жылынғанмен,  
Суығына жүрегім тоңды лезде.

Деп жүріппін бәйгеде топ жарамын,  
Тым алысқа көз тігіп, көп қарадым.  
Нардың жүгін көтерер от шағымда,  
Сөз көтере алмайтын боп барамын.

Неге сонша өкпешіл болдым екен,  
Болғаны сол,  
Жүзім де солғын екен.  
Бүгін аздап ашуға ерік бердім,  
Қу төзімнің кесесі толды, нетем?

Шарпыған от, жалын-ай, беу, демдегі,  
Жай таппаған жаным-ай кеудемдегі.  
Уайым-қайғы ішіме құрт боп түсіп,  
Тайынбайды-ай жегідей жеуден мені.

Өкпелеуге қит етсе дайын тұрдым,  
Түймедейді түйедей уайым қылдым.  
Сөз сүйектен өтеді,  
Абай болшы,  
Білесің ғой көңілдің жәйын, құрбым.

Жоқ, сары жын жаман ой салды ма екен?  
Құдай атқыр бір қырсық шалды ма екен?!  
Неге?  
Неге?  
Қабылдап бар жаманды,  
Көңіліме тым жақын алдым екен?!

Өкпешіл боп алыппын бүгінде мен,  
Көтералмай келеді жүгін денем.  
Өлең жазып шерімді тарқатайын,  
Бұлай кетсем, жарылам түбінде мен.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **СЫРТЫМНАН ТОН ПІШЕТІН ДОСТАРЫМ-АЙ!**

Сыртымнан тон пішетін достарым-ай,  
Жалғанға жаны құмар,  
Жоспары бай.  
Тұманды тағдырыма тіл тигізіп,  
Күнәмді арқалама босқа бұлай.

Ашқаннан Өмірге кеп көзімді мен,  
Басымнан не өткенін өзім білем.  
Шарқ ұрып жүргенімде,  
Шалыс басқан,  
Менің де болған шығар кезім бірен.

Сол үшін жазғырмашы жас жанымды,  
Сынға ап менің шалыс басқанымды.  
Періште болу маған бұйырмаса,  
Өткерем пенде болып қас-қағымды.

Айтарсың мен жайында бес күн әнді,  
Сейілтер ойың да жоқ еш күмәнді.  
Мен кештім сонда дағы бәрін-бәрін,  
Ия, Аллаһ, Сен де менің кеш күнәмді.

Сырымнан тон пішетін достарым-ай,  
Жалғанға жаны құмар,  
Жоспары бай.  
Тұманды тағдырыма тіл тигізіп,  
Күнәмді арқалама босқа бұлай.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **КІМ НЕ АЙТСА МЕН ЖАЙЛЫ СЕНЕ БЕРМЕ...**

Кім не айтса мен жайлы сене берме,  
Аңқау адам әркімге келеді ерме.  
Біреу айтты екен деп,  
Дос дегенің,  
Алды-артына қарамай жөнелер ме?!

Тыңдай берсең алдыңнан жолағанын,  
Ой түйеді он түрлі он адамың.  
Жоғалмасын сенімің маған деген,  
Негізі жоқ сөздерге бола жаным.

Бола қалса мен жайлы сөз таласым,  
Қандай доссың қарсы үн қоспағасын.  
Сөзге ерсең, қай жақта қалды сенің,  
Өзіндік ой,  
Өзіндік көзқарасың.

Дұшпаным бар менің де,  
Достарым бар,  
Оза шабар бәйгені жоспарым бар.  
Байлап жатса жолымды,  
Айыбым не?  
Бәсекелес санайтын месқарындар.

Дос боп келсең жолыңа гүл төседім,  
Сай-сүйегім сырқырап тілдесемін.  
Саған қарсы бар әлем үн қатса да,  
Сенімімді жоғалтпай күн кешемін.

Айтқанымен біреудің жүрме дедім,  
Байыбына бармастан бірдеңенің.  
Бірге жүріп қасымда,  
Өкінішті-ақ!  
Мені танып, әлі де білмегенің.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **ӘЙ, КҮЙГЕЛЕК ДОСЫМ-АЙ!**

*(ФБдағы бір досыма жұбату)*

Әй, күйгелек досым-ай,  
Көңіліңнің босын-ай.  
Сүйретіліп өмірде,  
Жеткен жерің осы ма-ай?!

Білем,  
Жаның кектенді,  
Созылмасын көпке енді.  
Өткен қалсын өткенде,  
Ұмыт реніш-өкпеңді.

Ренжи беріп өмірге,  
Дерт қондырдың көңілге.  
Өмір – шайқас алаңы,  
Берілме де, жеңілме.

Көрген күнім осы, – деп,  
Көңіліңнің қошы жоқ.  
Біл: Дүние жарытпас,  
Адамзаттың досы боп.

Бақтың білмей бағасын,  
Кімге кінә тағасың?  
Жараланса жас жаның,  
Әлі-ақ емдеп жазасың!

Бұл өмірге жылап кеп,  
Жан берерсің бір-ақ рет.  
Сабырға кел, бауырым,  
Бәрі-бәрі сынақ тек.

Дүниесі бар болсын,  
Көз жасыңа зар болсын.  
Бір-ақ тілек:  
Өзіңе,  
Аллам өзі жар болсын!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## ӨЛЕҢ ЖАЗҒЫМ КЕЛЕДІ ДЕ ТҰРАДЫ...

Өлең жазғым келеді де тұрады,  
Қиялым бар қыран құстай қырағы.  
Поэзия әлеміне жол бастап,  
Самғай берші,  
Самға шабыт пырағы.

Өлең жазам,  
Өлең жазам тағы да,  
Һәм қуанып, һәм торығып, жабыға.  
Өмірімнің өзегі сол – қара өлең,  
Көңілімнің қысы да сол, жазы да.

Өлең жазғым келеді де тұрады,  
Аспан бүгін тас төбеме құлады.  
АҚ ПАРАҒЫМ ұшып келіп алдыма,  
«Құлың болам», деп қаламым жылады.

Өлең жазғым келеді де тұрады,  
Көңіл-күйдің жоқ екен-ау тұрағы!  
Қайыршыдай мейірімге зарығып,  
Күнде жаным жырдан жылу сұрады.

Өмір маған өлеңімен ұнады,  
Бұл – Тәңірдің һәм сыйы, һәм сынағы.  
Өлең оқып жүрсем керек онда да,  
Нәсіп етсе бір күн Хақтың жұмағы.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## СЫНАҚТА ЖҮРМІЗ, СЫНАҚТА, АПА!

Сынақта жүрміз,  
Апа, біз сынақтамыз!  
Ұнатыңыз,  
Мейлі, Сіз ұнатпаңыз!  
Өзіңізді-өзіңіз қолға алыңыз,  
Налымаңыз, тағдырға мін артпаңыз.

Ер-жігіттің басынан не өтпеген?  
Қол үзердей қорқасың кенет менен.  
Бір амалдап өтерміз,  
Нәсіп етсе,  
Хақ-Тағала беретін көмекпенен.

Пендеге – сабырлық керегі, апа,  
Басына салғанын көреді, апа.  
Сынағын берген Рахымды Алла,  
Жеңілдігін де береді, апа.

Жоқ, үмітіңізді үзбеңіз, апа,  
Жаманнан жақсылық іздеңіз, апа.  
Өмірдің көктемі келеді алда,  
Әзірге күрең күздеміз, апа.

Сынақта жүрміз, сынақта, апа,  
Рухыңды асқақ құлатпа, апа.  
Жарамды тырнап жүрегімдегі,  
Балаңды үнсіз жылатпа, апа.

Сынақта жүрміз, сынақта, апа,  
Айналшы өшпес шыраққа, апа.  
Қаһары қанша болса Алланың,  
Рақымы сонша бірақ та, апа.

Пайғамбарларды сынаған, апа,  
Біз сонша пәк пе едік күнәдан, апа.  
Мына жер шарында, біз кеткенменен,  
Кеміп қалмайды бір адам, апа.

Шуағын шашқан жарқын, саз ғана,  
Жетіп қалармыз көктем, жазға да.  
Бәрі – өткінші!  
Өтіп кетеді,  
Сабыр етейік тағы азғана.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## РЕНЖІМЕЙМІН...

Жан емес ем соншалық жек көретін,  
Әлжуаз, деп жөнің жоқ кектенетін.  
Ебедейсіз болсаң да,  
Ебін тауып,  
Жеткізген де шығарсың өкпе ретін.

Сөз айтыпсың долданып,  
Дөрекі тым,  
Ақымақ кім?  
Ақылды, зерегі кім?  
Өзі қандай болса кім,  
Өз ойынан  
Өзі жайлы дерігін береді шын.

Мін іздеме,  
Жасама дарақы іс,  
Әр ісіне Құдайдың қара дұрыс.  
Ұнатпасаң ұнатпа,  
Осы, қайтем,  
Алла берген меңдегі жаратылыс.

Не айтсаң да айта бер енді, мейлің,  
Оған бола қапа боп ренжімеймін.  
Сенде ойды билесе ПЕНДЕШЛІК,  
Менде бойды САБЫРЛЫҚ жеңді деймін.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **КЕЛШІ, АПА, КАФЕДЕ КҮТЕМ СЕНІ!**

Сен әперген киіп ап жейдені, апа,  
Қыз күткендей отырмын күйге бата.  
Келші, бүгін кафеде күтем сені,  
Тіршіліктің бітпейді күйбеңі, апа!  
Қалаға тарт!  
Құлының күтіп отыр,  
Сәл арылып пенделік күйден, апа.

Талай бұздым ауылда шырқыңды анам,  
Қалада жүр бұл күнде сылқым балаң.  
Жыртыңдаған кафеде мың бір қызбен,  
Жан боппын-ау ойлаған құлқымды арам.  
Келші, апа!  
Өзіңмен шәй ішейін!  
Арман болып жүрмесін бір күн маған.

Ақылыңды алайын ақыл берсең,  
Келші, апа!  
Кафеге шақырды еркең.  
Жүз қатесін кешірген құлыныңның,  
Бір кафесін қабыл ал мақұл көрсең.  
Жамалынның жарқылы жанға қуат,  
Жанарымда нұр ойнар жақын келсең.

Бір сендегі айналып түр-тұлғадан,  
Жыр жазуға кезім жоқ құлшынбаған.  
Жырсың әман!  
Сен жайлы жаза берсем,  
Том-том кітап боларын білсін ғалам.  
Жазалмасам жыр-дастан тебіреніп,  
Перзент деген атыма бұл – сын маған.

Мен бойыма сіңірген өнегемсің,  
Әулиеге өзіңді теңегем шын.  
Талай істі мен үшін жасасаң да,  
«Мен істедім мынаны» демегенсің.  
Білгенім сол:  
Мен тұрған ғаламшарда,  
Міндеті жоқ жалғыз жан сен екенсің.

Қалай болсын көңілім, шіркінде, алаң?!  
Аттай шауып алдымда жүрсің анам.  
Бесігімді тербеткен қолдарыңмен,  
Отызымда шәй құйып тұрсың маған.  
Шәй ішерміз осылай әлі талай,  
Қауыштырса Құдайым қырқымда аман.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **АНАМДЫ КӨРУГЕ БАРАМЫН...**

Кімге айтам көңілдің алаңын?  
Қарайтты қанымды қара мұң.  
Еңсемді ауыр ой езгілеп,  
Теңселді тек үнсіз қаламым.

Дүлділі мен едім даланын,  
Қажытты өмірі қаланың.  
Ауылға бет алып мен бүгін,  
Анамды көруге барамын.

Қайдасың, ардақтым, ақ анам?  
Айналам қаптаған жат адам.  
Күлмеймін, көңілім жабырқау,  
Білмеймін, әрнеге қапа жан.

Жақтырды,  
Кімдерге жақпадым,  
Жүрегі қардан да аспағым.  
Сыйластым талаймен,  
Әй, бірақ,  
Өзіңдей адал дос таппадым.

Жабықтым,  
Бәрінен жалықтым,  
Өзіңді сағынып қалыппын.  
Мендегі, анашым, мұң-мұқтаж,  
Сендегі жылуға зарықтым.

Алдады,  
Талайлар арбады,  
Қайдасың жанымның ардағы?  
Сен жоқта шағылып тауым мың,  
Бағымның бұзылды шарбағы.

Соқыр да жүр мұнда, қырағы әм,  
Әйтеуір барлығы тірі адам.  
Шәйімді сен құсап бермейді,  
Жәйімді жоқ біреу сұраған.  
Жүрегім шарқ ұрып іздейді,  
Өзіңдей жанашыр бір адам.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ӘЙ, ЖҮРЕГІМ...

Нақ тәкаппар  
Жүрегім,  
Тәйт, сен екен!  
Ерке құсым, мен сені қайтсем екен?!  
Кімді салып мың күйге құбылтасың,  
Сілекейін адамның шұбыртасың.

Қалауыңды қош көрдім  
Қарсы ап, тектім,  
Кеудемдегі «Қағбам», деп жар сап кеппін,  
Әй, қырсығым, бітпейтін арманың көп,  
Қалауыңды табам, деп шаршап кеттім.

Әй, жүрегім, тарылтты шерің демді,  
Сүйіп қалғыш екенсің көрінгенді.  
Шықпайынша лайық жан,  
Әркімге бір  
Ұсынбашы, өтінем, төріңді енді.

Кір шалмаған аппағым, керімім-ай.  
Өн бойымды өртейді шерің ұдай.  
Жүрексізден жаныңа жылу іздеп,  
Мың әуреге саласың мені мына-ай.

Мен білмеймін кімдерді сүйдіресің,  
Сүйдіресің,  
Жанымды күйдіресің.  
Бірде мас қып бақыттан балқытасың,  
Бірде мұңның шекпенін кидіресің.

Анық – бәрін өзіңдей көретінің,  
Қатыгезбін,  
Мен, бәлкім, дөрекімін.  
Үнсіз қалма,  
Жөн сілтер шалыс бассам –  
Мейірбаным әрқашан керек үнің.  
Жамандықтан бойымды аулақ ұстап,  
Жас жанымды жылуға бөле күнім.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **МЕКЕН ЕТКІМ КЕЛЕДІ АЛЫС ҚЫРДЫ...**

*(Көңілдің кейбір кездері)*

Мекен еткім келеді алыс қырды,  
Жалықтырды таныс дос,  
Таныс құрбы.  
Жасаңдылық жайпап ап маңайымды,  
Тіршіліктің күйбеңі қан іштірді.

Мекен еткім келеді шөл-даланы,  
Бұл маңайдың болғанша сорлы адамы.  
Жасамасам өмірде бір өзгеріс,  
Көңілімде тыныштық орнамады.

Мекен еткім келеді айдаланы,  
Айдаланы, жауызға сай даланы.  
Жабықтырған жанымды,  
Бұл айнала –  
Байбаламы бітпейтін қайғы алаңы.

Кетем бір күн мекенге жан баспаған,  
Ғайып болам,  
Басам да маңғаз қадам.  
Адам болу сол болса,  
Ал, ендеше,  
Кіл жабайы жануар қандас маған.

Кетем қолды бір сілтеп барлығына,  
Бет қаратпай адамзат жарлығына.  
Маған лайық бір орын болу керек,  
Дүниенің сенбеймін тарлығына.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## СЕНЕН ҚАЙРАН ЖОҚ...

Қалжырап денем, құрыса берем,  
Көңілім сенен суыса екен.  
Бір сәтке тоңған жүрегім жібіп,  
Жаураған жаным жылыса, деп ем.

Бәрі де жалған,  
Жүрегім ұмыт,  
Ырқыңа көнбес, білемін, үміт.  
Тағдырдың көніп бұйыртқанына,  
Қалпыңда қалшы үнемі тұнық.

Қалауым бөтен,  
Ұмытсам деп ем,  
Өзіме қорған құрып сан бекем.  
Махаббат дейтін қапастан шығып,  
БАҚЫТты шындап ұғынсам, деп ем.

Жүректі жаулап алдың айнам, бек,  
Сергелдең сезім, сансыз айлаң көп.  
Менің тап бүгін көзім жеткені,  
Сенен қайран жоқ,  
Сенен қайран жоқ!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## НӘПСІҢМЕН КҮРЕС!

Шығады есің,  
Кіреді бір ес,  
Ақылға бойың бағынбай жүр еш.  
Кеуденнен шықпай тұрғанда жаның,  
Нәпсіңмен күрес,  
Нәпсіңмен күрес!

Алдыңда талай тұрады белес,  
Бұл өмір – өзен,  
Бір ағын.  
Елес.  
Кеш болмай тұрып,  
Құлшылық жаса,  
Қара жер мәңгі тұрағың емес.

Адамдық жолға қосатын үлес,  
Ұлылар керуен-көшіне ілес.  
Өмірің қор боп өтпесін десең,  
Нәпсіңмен күрес,  
Нәпсіңмен күрес!

Жаныңа бекер жинама құр өш,  
Бұл өмір – тартыс,  
Һәм теке тірес.  
Шайтанға әскер болғың келмесе,  
Нәпсіңмен күрес,  
Нәпсіңмен күрес!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **ЕЙ, НӘПСІМ!**

Өр айтқанын істеп жүріп шапқылай,  
Қор болмаппын мен ешкімге тап бұлай.  
Қу пендеден көрген жәбір-жапам жоқ,  
Бар пәлені, Нәпсім, сенен таптым-ай.

Өмір – сынақ,  
Жүрген шақта бақ сынай,  
Танытпадың мені қоштап жақсы рай.  
Мен жауымды іздеп жүрсем жырақтан,  
Нақ дұшпаным сен екенсің нәпсім-ай.

Төрге емес,  
Көрге мені сүйредің,  
Өрге баспай өлімші боп күйредім.  
Жақсы болам деп талпынған талайдың,  
Жамандыққа бұрып тұрдың бүйрегін.

Нәпсім мені,  
Нәпсім мені қор еттің,  
Тентіредім жасай беріп зор екпін.  
Ірі жолдың іргесінде тұрып-ақ,  
Бірі болдым Ібіліске қоректің.

Береке жоқ талпыныста мендегі  
Түсіп қалып тар тынысқа сендегі.  
Әлсіретіп жүректегі иманды,  
Небір күйге салдың мендей пендені!

Бұл өмірдің сыны, қайтем, көп екен?  
Қуанышы қайғысынан өте кем.  
Әрнәрсеге әуестікті бойдағы,  
Ұстап жүру қиын екен тепе-тең.

Нәпсім менің,  
Шалыс бассам нетермін?  
Сен билесең – хайуаннан бетермін.  
АДАМ болып қалу үшін  
Өзіңмен  
Өмір бойы күресумен өтермін.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## СҮЙДІРЕМІН, ДЕП ЖҮРІП...

Сүйдіремін, деп жүріп жалықтырып алыпшын,  
Сағындырам, деп жүріп, ұмытылып қалыпшын.  
Мың құбыла беретін машақаты мың дастан,  
Махаббаттың бітпейтін күйбеңінен жалықтым.

Сезім отын маздатып, сүйетін де – мен едім,  
Сүйіп тұрып отыңа күйетін де – мен едім.  
Сонда дағы,  
Өзіңді бұл жалғанда, Керегім,  
Жүрегімнің мәңгілік иесіне теңедім.

Аяған жоқ бұл тағдыр күресінде дүресін,  
Бірде кіріп, бір шығар, білесің бе, бұл есім?!  
Мені, бәлкім, ұмыттың,  
Мен ұмытпан бірақта,  
Қайда жүрсем, қалқатай, жиі есімде жүресің.

Қашан көркем күй кешем қалың ойдан арылып?!  
Күндіз-түні көз ілмей сені іздедім сарылып.  
Сұлумын, – деп жар салма,  
Бұл Жалғанда  
Біліп жүр,  
Сұлулықтан бағалы құндылықтар бар ұлық.

Сен – айыпты,  
Айнасы көңілімнің шықтанса,  
Сыйлап жүрсің жәй күнде жүрегіме жүк қанша.  
Мен де сені сүйдім ғой бір ғұмырға серт етіп,  
Сен де сүйші,  
Сүй мені,  
Шыбын жаның шыққанша.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ДҮНИЕСІҢ...

Жақсыға жаманды серік қып, қай жаққа кетіп барасың,  
Жылтырды өзіңе көрік қып, Дүние-ай өтіп барасың.

Шын дүниенің шындығын, ұмыттырған дүниесің.  
Байлығыңа баршаны, құнықтырған дүниесің.

Гүлсауыттай хрустал, тұнып тұрған дүниесің.  
Күнің жетсе бір сәтте сынып тұрған дүниесің.

Надандарды биік қып, сыр ұқтырған дүниесің.  
Данышпанды күйік қып, былықтырған дүниесің.

Талайларды жылатып, күліп тұрған дүниесің.  
Білмейтінді сұратып, біліп тұрған дүниесің.

Бұл фәниде дәуірін, сүріп тұрған дүниесің.  
Сәйгүліктің тәуірін, мініп тұрған дүниесің.

Пәк Адамды арам қып, шынықтырған дүниесің.  
Ой-санасын қараң қып, мұң ұқтырған дүниесің.

Сыртың бүтін, ал ішің, шіріп тұрған дүниесің.  
Адамдарға қабір-үй, құрып тұрған дүниесің.

Жануардың терісін, сылып тұрған дүниесің.  
Сылып алып, әп-сәтте шұлық қылған дүниесің.

Дәулеттінің бесігін, ұлық қылған дүниесің.  
Кедей қақса есігін, құлып тұрған дүниесің.

Мансаптыға қошемет қылып тұрған дүниесің.  
Қой терісін жамылып, ұлып тұрған дүниесің.

Жығылғанға жұдырық ұрып тұрған дүниесің.  
Жағасынан жуастың жұлып тұрған дүниесің.

Жер үстінде салтанат құрып тұрған дүниесің.  
Кім-кімге де билігі жүріп тұрған дүниесің.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## АЛТЫН ТӘЖІМ...

Әке-еу, келші, өзіңмен сырласайын,  
Сырласайын, мауқымды бір басайын.  
Өзіңді аңсап ауылға жүріп барам,  
Қолдарымда сен сүйген құрма, шәйің.

Алаңдадым білгім кеп халіңді рас,  
Суға кетіп жүр, дейді, салың біраз.  
Жатсам-тұрсам өзіңді ойлауменен,  
Әке-еу, мен де уайымға салындым аз.

Ішпей жүр, деп дәрісін – анам алаң,  
Қалада жүр қан жұтып қара балаң.  
Бұзығыңа ішіксең,  
Күтші мені,  
Құзырыңа әп-сәтте барағалам.

Ақ батаңмен алдымда тұрсаң демеп.  
Құрметіңе бір сарай құрсам ба ерек?!  
Сол сарайға сән беріп отыратың,  
Әкеу, маған өзіңдей Сұлтан керек.

Тыңдамасам кеш, әкеу, сөзіңді-Құт,  
Көздеріңе қараған кезімді тік.  
Төзім бітіп, талқаның таусылмасын,  
Өзіңді күт, өтінем, өзіңді күт.

ӘУЛИЕмсің, әке, сен қасымдағы,  
ЖӘННАТымсың жайнаған жасыл бағы.  
Байлығына Дүниенің тең келмейтін,  
АЛТЫН ТӘЖІМ өзіңсің басымдағы.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*





## СҮЙІПСІҢ МЕНІ...

(Элегия)

Сүйіпсің мені,  
Мен, – дедім, – неткен бақытты ер,  
Арнапсың жаухар жырыңды «маржан-жақұт», дер.  
Өмірімді ойран еткен опасыз бір жан бар,  
Көңлімді содан үзіп алайын...  
Уақыт бер.

Қор қылма қымбат сезімді мендей құнсызға,  
Байқамай біраз үміт сыйладым онсызда.  
Қазіргі менің ауыр күйімде  
СҮЙІШІ, деу,  
Құшақташы, деп айтумен бірдей қолсызға.

Сыр бермей жүрмін,  
Жаным-ау, саған гүл бермей,  
Көрінем, бәлкім, үстіңнен күліп жүргендей.  
Қол үзіп менен оп-оңай кетті-ау әлгі жан,  
Мен, байғұс, қалдым көңлімді үзіп үлгермей.

Өзімшіл деме,  
Өркеуде жанға теңеме,  
Ақылға асау жүрегім ырық бере ме?!  
Толқындар асау арыда-бері сілкіген  
Шайқасып әрең шайқалып келем кемеде.

Арпалыспенен ішімде алай-дүлей бар,  
Көңілде күдік,  
Қорқынышпенен үрей бар.  
Сезімнің жалған құрбаны болып жазықсыз  
Біреудің жәбір көрмеуін ғана тілейді ар.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## СҮЙМЕ МЕНІ...

Бақытсыз боп қалсам да сенсіз, СҮЙМЕ!  
Жас жүрегің тап болар емсіз күйге.  
Есерсоқтай кетерсің дала кезіп,  
Өмір жоқтай көрінер «менсіз үйде».

Мың әуреге салармын сөзсіз, СҮЙМЕ!  
Көңіліңе сезімді көзсіз түйме.  
Ғаріп жаның жаншылып,  
Құр бекерге,  
Диуанадай түсерсің ессіз күйге.

Құр өткізіп күн, апта, айды, СҮЙМЕ!  
Көңілімнен жасап ап жайлы күйме.  
Ұқтырып-ақ бағам деп,  
Түбінде бір,  
Жұқтырып ап жүрерсің қайғы, ТИМЕ!

Жаным-жаным,  
Айтарым – СҮЙМЕ МЕНІ!  
Бос сезімнің болмашы күйгелегі.  
Сүйген емес,  
КЕРЕПІ –  
Мына маған,  
Бір жүректің жазықсыз күймегені.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ТЕЛЕФОН СОҒЫП ЕДІМ КӨТЕРМЕДІҢ...

Нетер, дедім,  
Телефон соғып едім, көтермедің.  
Көзімді нөміріңе телміртіріп,  
Жаныма мұнша жәбір етер ме едің?!  
Жауап қатшы,  
Мен үшін –  
Телефонда  
Үнсіз алған бір ғана жетер демің.

Бөтен бе едім?!  
Өтінемін, тұтқаны көтер, дедім.  
Әр тынысым тарылып күн кешкенде,  
Талпынысым болмасын бекер менің.  
Айтамын, – деп сен үшін жаттап жүрген,  
Талай сөзім бар еді «шекер» менің.

Жетер, дедім,  
Ынтықтығым үдеді бетер менің.  
Сыңсып бүгін жүрегім жылағанда,  
Мен байғұсқа бір рақым етер, – дедім.  
Қайта-қайта қоңырау шалғаныммен,  
Тас қатқандай тұтқаны көтермедің.

Мұң – төсегім,  
Нөміріңді терумен күн кешемін.  
Көздеріңе көзімді түйістіріп,  
Айтшы, қашан сенімен тілдесемін?  
Айтшы, қашан жаныңа жылу сыйлап,  
Құшағыңды толтырам гүлге сенің?!

Сыр ұқ, дер ем,  
Басымыздан не қайыр бірікпеген?!  
Амалым жоқ,  
Қаласам-қаламасам,  
Бірікпеген жолдармен жүріп келем.  
Үңілемін сағынсам нөміріңе,  
Цифрларға қараймын үмітпенен.

Нетер, дедім,  
Телефон соғып едім көтермедің,  
Көзімді нөміріңе телміртіріп,  
Жаныма мұнша жәбір етер ме едің?!  
Жауап қатшы,  
Мен үшін –  
Телефонда  
Үнсіз алған бір ғана жетер демің.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **ДОС БОЛАЛМАН СІЗБЕНЕН...**

Дос болалман Сізбенен,  
Кешіріңіз!  
Осы болар ең дұрыс шешіміміз.  
Достық сезім ұласып махаббатқа,  
Тие ме деп қорқамын «кесіріңіз».

Түрсем жүрек үніне құлақты әсте,  
Дос болу да қиын-ау тұрақты әсте.  
Қылт ете қап қу сезім ішімдегі,  
Масқарамды шығарар бір-ақ сәтте.

Дос болалман Сізбенен,  
Осы сертім!  
Көңілдерді жүрсек қой қосып еркін.  
Жүрегіңіз сұраса;  
Барлығына –  
Кінәлі тек көңілдің босы, дерсің.

Сізді көрсем –  
Көңілім қалап тұрар,  
Жартысына жүректің балап тұрар.  
Бұл тіленші көңілге дауа бар ма,  
Махаббатты еріксіз талап қылар?!

Дос болғым-ақ келеді,  
Амал қанша!  
Жат болайық!  
Жүрексіз саналғанша.  
Аулақ жүрші, өтінем,  
Ең болмаса –  
Жүрегімнің жыртығы жамалғанша.

Орындалмай қалды, – деп, – бір арманым –  
Жүрек атты шаршатты-ау «жыларманым».  
Өзіңізден бір белгі болмаған соң  
Көңілімді Сіз жаққа бұралмадым.  
Сезімімді өлеңге айналдырып,  
Сізге бүгін жәй ғана жыр арнадым.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## СҮЙКІМДІ БОЛ!

Жаныңды жарға жықпа тек,  
Өзіңе бәрін мұқтаж ет.  
Сыйқымы кеткен заманда,  
Сүйкімді болу көп қажет.

Сыйлы боп жүрген саған да,  
Сорлы боп қалу табанда.  
Сыйың да болмас,  
Соны ұқ,  
Сүйкімің болмай адамға.

Демеу бол көңілі сыныққа,  
Пайдаңды ойлап құнықпа.  
Сүйкімі кеткен адамның,  
Сыйқымы кетер ұмытпа.

Нәпсіге, құрғыр, жоқ тыйым,  
Аллаңа, күнім, көп сиын.  
Мінезің көркем болмаса,  
Келбетің сенің көк тиын.

Атағың жетсін айға да,  
Адамдық керек қайда да.  
Айтарым,  
Арзан Дүниеде,  
Адам боп қалшы жәй ғана.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## **БҰЛ ДАҒЫ – СЕНІҢ СЫНАҒЫҢ...**

Жанымды жалын жалмаған,  
Таусылып іштей тынамын.  
Бәрі де, білем, Алладан,  
Бұл дағы менің сынағым.

Сен дағы, досым, ұғарсың,  
Жолығар сынақ алда сан.  
Бәрін де жеңіп шығарсың,  
Үмітке үміт жалғасаң.

Налыма текке шолжаң жан,  
Алланың бұл да сынағы.  
Сабырмен күтсең долданған,  
Дауыл да бір күн тынады.

Жалғыздық келсе басыңа,  
Жұбыңды іздеп жыладың.  
Жасыма, досым,  
Жасыма,  
Бұл дағы сенің сынағың.

Ақшадан кейде тарығып,  
Тиынға жүрсең жарымай.  
Күпірден бір сәт арылып,  
Шүкір де қолда барына-ай!

Таппасаң бір сөз ем үшін,  
Досыңнан көрсең қиянат.  
Бәрі де сынақ сен үшін,  
Санаға соны ұялат.

Үрей тұр қара құлып боп,  
Көңілді арылт күдіктен.  
Алладан асқан Ұлық жоқ,  
Жүректің мұзын жібіткен.  
Тәңірден медет сұра да  
Қадам бас алға үмітпен.  
Қадам бас алға үмітпен...



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## ҚАРТТАР ҮЙІНДЕ

Апа, бүгін жабырқап жылап тұрмын.  
Адамдардың әр сәтін сынақ білдім.  
Тек Алладан:  
«Ада қып Адамдықтан,  
Хайуандыққа жазбасын», сұрап тұрмын.

Қариялар үйінде болып қайттым,  
Қуәсі боп шошындым толық жәйттің.  
Имансыздар көп екен айналамда,  
Киесінен қарғыстың қорықпайтын.

Ұл-қызыңның ұрышты-ау ептісін жын,  
Қу басыңа түр-түрі жетті сұмның.  
«Сендей қартын қаңғытқан сілімтікті,  
Қарғыс атқан мақұлық», деп түсіндім.

Суық үйден шап-шағын орын алып,  
Сені әкеп тастады соңыра нық.  
«Бағым менің – осылар», деп жүргенде,  
Болып шықты-ау ұл-қызың сорың анық.

«Ыңырсыған кемпір мен шалды нетем»,  
– деп налыған перзентің малғұн екен.  
Сайқылығын көтерген құлыныңа,  
Қай қылығың ұнамай қалды екен?!

Түсінемін,  
Орыңды өксінгенің!  
Жыла, Қартым!  
Құдайға жетсін шерің!  
Қадіріңді білмейтін қайран ұлың,  
Көз жасыңнан садаға кетсін сенің.

Я, Құдайым!  
Қиналған жас жаным-ай!  
Арманымның қауыштыр асқарына-ай!  
Қазыналы қартымды қаңғытардай,

Төндірмеші қасырет басқа бұлай!  
Ата-анасын үйіне сиқырмаған,  
Адамдардың ақыл бер бастарына-ай!  
Адамдардың ақыл бер бастарына-ай!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## МҮСІРКЕМЕ...

Асқақтығым биігінен кішірсе де.  
Көңілімді талай жәйт түсірсе де.  
Рақымына пенденің мұқтаж емен,  
Аямай-ақ қой мені, мүсіркеме!

Күйін кешіп жүрсең де бір ғаріптің,  
Төрт құбылаң түгелдей түр таныттың.  
Сен мүсіркеп,  
Мен болсам салым құрып,  
Талай бақтан, Құдай-ау, құр қалыппын.

Тәжім де бар,  
Астымда тағым да бар,  
Тірі болсам талай рет бағым жанар.  
Аман-есен жер басып жүрген кезде,  
Көрінгенге жайым жоқ шағымданар.

Шатағым жоқ,  
Басқада шатағым жоқ,  
Адам құсап шарқ ұрдым жасағым кеп.  
Жаралған соң Адам боп,  
Әрбір істе,  
Адамшылық таныту аса міндет.

Ез емеспін,  
Ерлермен ерегестім,  
Ерсілік те көрген жоқ менен ешкім.  
Сәл нәрсеге кетіріп салын суға,  
Құм болатын жігері мен емеспін.

Алла аясын аяса пенделерін,  
Бәрін сенсіз өзім-ақ меңгеремін.  
Жеңілдігін беретін Раббым барда  
Жағдайымның білемін жөнделерін.

Асқақтығым биігінен кішірсе де.  
Көңілімді талай жәйт түсірсе де.  
Рақымына пенденің мұқтаж емен,  
Аямай-ақ қой мені, мүсіркеме!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **КЕШІР, МЕНІ!**

Жеңдіре алмай ақылға ашуымды,  
Әбжылаңдай шашыпшын, рас, уымды.  
Енді сені көргенде қыпылықтап,  
Бой көрсетпей, қарашы, қашуымды.  
Сала-құлаш сөз сөйлеп алдыңдағы,  
Кешіре гөр орынсыз тасуымды.

Нардай жігіт болсам да күшіндегі,  
Пеңдемін ғой өзіңдей,  
Түсін мені!  
Бетке басып қатемді қайта-қайта,  
Жазғырмашы бір сөзім үшін мені.  
Айтарымды айттым-ау,  
Артындағы  
Өкінішін білсең ғой ішімдегі.

Менен кетті ағаттық,  
Кешір мені!  
Қара бастың құрыды есіл демі.  
Жүрегіңді ауырттым.  
Содан бері,  
Ар-ұжданым не күйді кешірмеді?!  
Тап болардай өмірі бір пәлеге,  
Айналшықтап қоймады-ау кесір мені.

Өкініштен өзегім өртенуде,  
Өртенуде,  
Өзінен жеркенуде.  
Кешір мені!  
Кеш мені!  
Содан бері,  
Көңіл дейтін қошым жоқ «көркем үйде».  
«Жәбір жасап қойдым», деп бір пендеге,  
Қара басым жастанып, жер тебуде.

Жеңдіре алмай ақылға ашуымды,  
Әбжылаңдай шашыппын, рас, уымды.  
Енді сені көргенде қыпылықтап,  
Бой көрсетпей, қарашы, қашуымды.  
Сала-құлаш сөз сөйлеп алдыңдағы,  
Кешіре гөр орынсыз тасуымды.  
КЕШІР МЕНІ...



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## САНАУШЫ ЕДІМ ӨЗІМДІ АҚЫЛДЫ АДАМ...

Санаушы едім өзімді ақылды адам,  
Өңкей ерсі қылықтар жақын маған.  
Тани алмай Өзімді келем бүгін,  
Жақындаған сияқты ма Ақырзаман?!

Десем-дағы өзімді ақылды адам,  
Ақылсыздың қылығы жақын маған.  
Есеңгіреп жүргендей,  
Соңғы кезде,  
Жасай алмай келемін батыл қадам.

Дүниеге орнағандай Ақырзаман,  
Әрбір күні жүрегімді зақымдаған.  
Неге екенін білмеймін соңғы кезде,  
Пәс қылықтар болып жүр жақын маған.

Жоқ, болмаспын,  
Сонда да пақыр, надан,  
Хақ-Тағалам берген соң ақыл маған.  
Айдауыңа жүрмеймін, қу Дүние,  
Ақырзаман болса да жақындаған.

– О, Дүние!  
Дейді, менің атымды АДАМ,  
Бәстесуге кез келген батынбаған.  
Қасқыр болсаң, айлакер түлкі болам,  
Түлкі болсаң, тазы боп ақымды алам!



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*



## ПАТША БОППЫН ҚАСЫМДА СІЗ БАРЫНДА...

Патша боппын қасымда Сіз барында,  
Пана болдың өмірдің ызғарында.  
Өзің барда армансыз жүрген екем,  
Дүниенің бақшасы мен гүлзарында.  
Жоғалтқалы Сізді, апау, қалып кеттім,  
Өмір атты майданның мұз-қарында.

Мәңгілікке көгімнен сөнді күнім,  
Ай шуағын көре алмас енді түнім.  
Сіз бар кезде бақыттан айналатын,  
Бұл басыма қасірет төнді бүгін.  
Баласы үшін жанын да құрбан етер,  
Айт, өзіңдей жанашыр қалды кімім?!

Сіз барында байқаушы ем мына күнім,  
Қуаныш пен тек қызықтан тұратынын.  
Күліп тұрған бейнеңдей күлім қағып,  
Жарқын тартып тұратын, сірә, түнім.  
Бір күн сені, білмеппін, жоғалтардай,  
Қатал тағдыр үстемдік құратынын.

Бақыт құсым басымнан ұшты менің,  
Бір ғұмырға құлады-ау күш-тірегім.  
Бүгін Сізсіз жағдайым мүшкіл тартып,  
Демеу таппай ішіме түсті демім.  
Дұғаң еді жанымның жебеушісі,  
Сол дұғаңсыз таппадым істің ебін.

Қайтем...

Апау...

Бұған да көндігемін!

Ақылымды сабырға жеңдіремін.

Өкінішті осынау ұялатқан,

Жан дертіме Уақытты ем білемін.

Көрісуге жазатын қайта бізді,

Бар үмітім МАҚШАРда енді менің.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## КЕТЕСІЗ БЕ МЕНІМЕН ЖЫРАҚТАРҒА?

Досым,  
Кетесіз бе менімен жырақтарға?  
Көз ілеспес қиырға, тұрақтарға.  
Бізді, сірә, түсінбес бұл айнала,  
Көрінгенге, өтінем, сыр ақтарма.

Досым,  
Кетесіз бе менімен жырақтарға?  
Бұл маңайдан естімес бір ақпар да.  
Мұнда біздей орын жоқ озбырлықтан  
Құса болған жүрегі құрақтарға.

Жүрші, досым!  
Менімен кетесіз бе?  
Жем болдық-ау жөнсіз бен жетесізге.  
Жеті атасын білмейтін тексіздерден  
Туылуда нәресте некесіз де.

Жәдігөй бар,  
Алдамшы,  
Арамзалар.  
Жүрші,  
Жүрші,  
Барлығы мазаңды алар.  
Қу Дүниеде бір түкпір болу керек,  
Адамдығы адамның бағамдалар.

Қалмағандай Қайсар жан,  
«Қыран Адам»,  
Жүрші,  
Жүрші,  
Кетейік бұл арадан.  
Мына біздер зұлымдық ілеспейтін,  
Бой көрсетіп бағайық мұнарадан.

Айналамды қаптаған айлакер көп,  
Құлқындары құл қылған пайда кернеп.  
Ер дегенім бүгінде,  
Бәйгеде емес,  
Үй төрінде отыр-ау шәйға терлеп.

Көз жүгіртсек маңайға – байқарымыз,  
Ішіңізде-ау Сіздің де айтарыңыз,  
Түтіп жейтін біз деген бірін-бірі,  
Саясаттың бұл күнде сайқалымыз.

Жүрші, досым!  
Жүр, досым!  
Ілес маған!  
Зая кетпес біз басқан  
Біл, еш қадам.  
Өмір деген бар-жоғы бір сәттік түс,  
Өмір деген бес күндік күрес маған.  
Тым құрыса,  
Адамша өмір сүрген,  
Екеуміз-ақ болайық – бір есті Адам.  
Жүрші, досым!  
Жүр, досым!  
Ілес маған!



(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).



## ЖАЛҒЫЗДЫҚ ДЕЙ МЕ ...

Жалғыздық дей ме...

Қорқа ма кімдер?

Үрки ме?

Мен болсам тіпті үйреніп қалғам бұл күйге.

Әйтсе де, құрғыр, бұл жалғыздықтың ешқашан,

Төнбесе деймін жағымсыз ешбір бұлты үйге.

Кете бер, Дүние!

Қарама артқа қайрылып,

Елітті мені жаныма жаққан жайлылық.

Үйреніп қалдым жалғыздыққа мен бүтіндей,

Қалмасам деймін ендігі содан айрылып.

Кеш мені, Дүние!

Кеше гөр мені!

Кештім де!

Өзгерте алмас тағдырды мендік ешкім де.

Мүсіркеме де,

Жұбатпай-ақ қой,

Ендігі

Адамша мен де өмір сүрейін бес күнде.

Жеңіл де емес,  
Демеймін бұл сын қатты ауыр,  
Жалғыздыққа мен үйреніп қашпын тәп-тәуір.  
Жанымды ұқпас жандардан қашып жүргенде,  
Еріксіз өзім айналдым жанға жатбауыр.

Пірінен безген мен болдым, сірә, сұр бет ер,  
Адам жоқ мендік тарқатысатын бірге шер.  
Сүйіп қап енді таусылмаймын да мен деген,  
Сағынып кімді сарғаймаймын да құр бекер.

Кешіктің, Дүние!  
Кеш енді бәрі!  
Жұбатпа!  
Жалғыздық мені тентіретсе де жыраққа.  
Кеткені қашпан етім де соған үйреніп,  
Мүсіркеуіңнің түк қажеті жоқ бірақта.

Жалғыздық дей ме...  
Жалғыздық менің жолдасым,  
Сабылып мынау сеңделген талай сор басым.  
Әйтседе...  
Менің тілегім біреу:  
Жалғыздық –  
Екі Дүниеде ешкімге жолдас болмасын!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## МЕН ТІРІМІН, ЕЙ ӨМІР, ЕСТИМІСІҢ?!

Өмір сонша қас болдың бұл Адамға,  
Аласың ба сен ләззат жылағанда?!  
Әлде жаның рахатқа бөлене ме  
Жолдарыңда тайғанап құлағанда?!

Қуыршақтай көресің бұл адамды,  
Елемейсің біздегі, сірә, заңды.  
Сау адамды ауру қып, ең болмаса,  
Жөн көрмейсің жағдайын сұрағанды.

Ойыншық қып болдың ғой бұл Адамды,  
Құрбандыққа аласың ұнағанды.  
Қойнауыңда Адамзат қан жұтып жүр,  
Ұнатасың аямай сынағанды.

Жанши бердің жүрегі жарымды кеп,  
Есіркедің зымиян-залымды тек.  
Жамандарды аялап алақанда,  
Жақсыларға жаудырдың зарыңды көп.

Толып жатқан неткен көп ісінде мін,  
Мақсатың не, мен әлі түсінбедім?!  
Жүрегім бар кеудемде, жұлқылама,  
Түк сезбейтін мен жансыз мүсін бе едім?!  
Қалса дағы құлазып құр сұлдерім,  
Күресуден танбадым, күрсінбедім.  
Мен тірімін,  
Ей, Өмір естимісің,  
Соғып жатқан жүректің ДҮРСІЛДЕРІН?!



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*





## **О, ФЕЙЗБУГИМ!**

О, Фейзбугім!  
Айтшы, саған не дермін?!  
Болғаны жоқ дымда маған кедергің.  
Керісінше дос арттырып өзіңмен,  
Бірге жүріп,  
Бірге өстім,  
Көгердім.

Жұлдыз болып желіде көп кезіндім.  
Ол да болса – шарапатың өзіңнің.  
Сен арқылы ақын болып танылып,  
Елдің ыстық ықыласын сезіндім.

Күпір болар тақсам саған егер мін,  
Кереметсің!  
Одан артық не дермін?!  
Жәй Санжардан жұлдыз Санжар жасаған,  
Нақ өзісің,  
Нақ өзісің шебердің.

«Жұлдыз» болып, ауырдым да, сырқадым,  
Шабыт алып, талай көкке шырқадым.  
Фейзбуктің көшесінде мен бүгін,  
Кетіп барам арқалап ап «жыр қабын».

Сенің талай кеңдігіңді байқадым,  
Мақтау айтып шабытымды шайқадың.  
Арманыма менің қанат бітірген  
Алғыс қана – бүгін саған айтарым.

О, Фейзбүгім!  
Айтшы, саған не дермін?!  
Болғаны жоқ дымда маған кедергің.  
Керісінше дос арттырып өзіңмен,  
Бірге жүріп,  
Бірге өстім,  
Көгердім.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## **ДОС КЕРЕК МАҒАН...**

Бұл көңіл деген бола бермейді-ау босқа алаң,  
Шарқ ұрып кейде іздейді екен дос-жаран.  
Айналам толы ниеті түрлі пенделер,  
Шегінем бір рет –  
Тастасам алға қос қадам.

Адымды аңдап баспасаң, күнім, болмайды,  
Күлкіге қалып, соқадай басың сорлайды.  
Өзіңді-өзің қадірлемесең бұл күнде,  
Басқалар келіп аяусыз сені қорлайды.

Дос керек мынау жалғанда, жаным, дос керек,  
Бой түзеп өсер шынардай шыңда – қос терек.  
Сыртыңнан мақтап,  
Бетіңе айтар қатеңді,  
Сүйрейтін алға абыроймен ғана көшті ерек.

Жалғанның мынау өтпейді-ау күні жалғансыз,  
Талай рет содан құлазып көңіл, қалған сыз.  
Осындай кезде ұмытып өмір күйбеңін,  
Дос іздеп кеткің келеді екен армансыз.

Дос тапсаң күнде анаңдай көріп амандас,  
Дос керек маған,  
Дос керек саған, замандас.  
Жаныңды ұғар қасыңда бір дос болмаса,  
Тентіреп қана кетеді екен қараң бас.

Дос керек саған,  
Дос керек маған, алтыным,  
Өлшенер доспен қадіріңменен бар құның.  
Досыңның бары бақытың – жарты байлығың,  
Жаныңды ұғар досыңның жоғы жарты мұң.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## ҰСТАЗ

Ұстаз – Өзің!  
Данам – Сен!  
Дарын, жаса!  
Мен сенің ұғам жақсы жаныңды аса.  
Көңілдерге өтесің көшіп қана,  
Бір күн келіп жүрегің дамылдаса.

Сен ұстазсың,  
Ұстазсың,  
Ұлы адамсың!  
Бар ғылымның құлағын бұрағансын.  
Жаратқаннан балаңның бағын емес,  
Шәкіртіңнің бақытын сұрағансың.

Сен жердегі тылсым Күш – Құдіретсің!  
Басымды идім алдыңда жүз рет шын.  
Кемеңгердің келемін ізін басып,  
Сенен көрдім биігін құзыреттің.

Мынау маңғаз Дүниеге сәл анық кем,  
Кірпіш болып келемін қаланып мен.  
Сенің арқаң ол дағы,  
Бұл күндері  
Балалығым ұштасса даналықпен.

Сен дегенде асылым ұстаз менің,  
Алқымымнан қалай жыр қыспас менің?!  
Әулиемсің,  
Шапағат етпейінше,  
Шәкіртің де қияға ұшпас тегін.

Бір сөзіңмен, білемін, көңіл сұлу,  
Жүректерді саған тән семіртуу.  
Әр адамның басына бұйырмаған  
Өнегелі өзіңдей өмір сүру.

Ұқсап бақтым,  
Өзіңе ұқсап бақтым,  
Зілдей ауыр мойныма жүк сап бақтым.  
Сенім артам сендегі Құдіретке,  
Сенің арқаң – үстіне шықсақ тақтың.

Мен сені басқалардан ерек көрем,  
Еңбегіңді ерекше елеп келем.  
Егерде бой тұрғызып жатса бір күн,  
Әлемнің сегізінші КЕРЕМЕТі  
Тек Саған арналуы керек, – дер ем.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*





## **АҢСАҒАНЫМ ЕРКІНДІК!**

Керек емес мадағың,  
Керек емес мансабың,  
Байлықты да келмейді бет-алды жоқ аңсағым.  
Иемденіп соларды айналамда жүр адам,  
Бақытсыз боп қанша мың.

Қызметті де жоғары жүргенім жоқ құмартып,  
Содан ғана кетсе де сый-құрметім тым артып.  
Қыран құстай күн кешкен,  
Бәрі  
Бәрі  
Бәрінен  
Еркіндігім мың артық.

Саясатпен ісім жоқ,  
Онымен де дос емен,  
Дау-дамайдан басымды алып қаштым неше мен.  
Бар қалауым сол менің:  
Кезіп жүріп жыр жазсам  
Кедір-бұдыр көшемен.

Күн кешуден сақтасын тәуелді боп басқаға,  
Екі көзің жәудіреп, жан-дүниең жасқана.  
Бәрін қидым,  
Түсінші,  
Тек керегі еркіндік  
Бұл басыма жас қана.

Досым, менің іштегі тұншықтырған дертімді ұқ  
Санамдағы сан-саққа сабылдырған сертімді ұқ.  
Мынау бес күн жалғанда шыбын жаным  
шырқырап,  
Аңсағаным ЕРКІНДІК.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ЕКІЖҮЗДІ ДОС

Жанымды ұқпас пендеден,  
Я, Раббым, саған сиыңдым,  
Сырымды айтып әркімге  
Қалмады-ау, сірә, сыйымның.  
Сыртымнан мені өсектеп,  
Аяқтан шалды талайлар,  
Бәрі де аян өзіңе,  
Шыр-пыры шыққан күйімнің.  
Еретін дос көп болғанмен,  
Сенетін дос жоқ жанымда,  
Соларды көріп, қапа боп,  
Күйзелдім бүгін. Күйіндім.

Сыртымнан досым күндеді,  
Бетіме күліп баққанмен,  
Сонда да бәрін ұмытып,  
Үміттің отын жаққан – Мен.  
Жалғаны жалмап жанымды  
Бұралаң мынау өмірде,  
Түлкіге талай тап келіп,  
Күлкі де болып жатқан – Мен.  
Жаны бір жайсаң жандарға  
Кез қылып, Өзің, Я Алла,  
Қауыштыр мені қым-қуыт,  
Қуаныш толы ақ таңмен.

Дүние – сынақ пендеге!  
Бәрі де бастан өткерді.  
Басына мені көтерген,  
Көзім де көрді бектерді.  
Сыйлаған жанның құлы боп  
Мен-дағы жасап құрметін,  
Үйімнен орын ұсындым,  
Лайықты көріп тек төрді.

«Қолдаушым менің», – соңында  
Әркімнің еріп сөзіне,  
Сағымды тынды сындырып,  
Бағымды менің көп көрді.

Екі жүз досым болғанмен,  
Екіжүздісі өріп жүр,  
Қасымда жөйткіп жүрген соң,  
Амалсыз көзім көріп жүр.  
Пайдасы тиіп қалар деп;  
Айласы биік, әйтеуір,  
Көзімше жақсы түр жасап,  
Өзінше адал серік бір.  
Оларды, қайтем, әзірге  
Соңымнан қалмай еріп жүр,  
Басымнан бағым тайғанда,  
Кетеді лезде жеріп бір.

Езіліп жырын бұл Санжар,  
Егіліп тұрып толғасын,  
Іштегі шерін тарқатып,  
Тыныштық жанға орнасын.  
Өзектен мені өртеген  
Осынау ащы сезімді,  
Өлеңмен өріп жазбасам,  
Ақындығыма – ол да сын.  
Я, Алла сенен тіледім:  
Достардың саны мендегі,  
Екі жүз шақты болса да,  
Екіжүздісі болмасын!



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*



## ЖҮРЕГІ БАР ДОСЫМ МЕНІҢ...

«Жүрегім-ай... Бітердей есіл демім»,  
– деп қоймайсыз...  
– Әй, мейлі, десін, дедім.  
Сіз бір жақта,  
Мен мұнда  
Сізді ойлап,  
Жоғалардай болып жүр есім менің.  
Мен де Сіздей жүрекке жүк түсіргем,  
Мынау ұзын керуен жол көшінде мың.  
Өмір – ғажап,  
Сыйы көп,  
Адам алдан  
Болжап білмес күтерін тосын ненің.  
Жүрек деген ауырар – заңдылық қой,  
Жүрегіңіз болған соң, досым менің.  
Жүрексіздер қаптаған бұл қоғамда,  
Қамыңызды бір Аллаһ жесін, дедім.

Қайғырасыз соншама қарадай Сіз.  
Көңіліңіз кіршіксіз баладайсыз,  
Жүрегіңіз жұмсақ қой, білем, Сіздің,  
Ешбір жанға жамандық қаламайсыз.  
Түймедейден түйедей уайым жасап,  
Болмашыға жүректі жаралайсыз.  
Сіз – мен үшін бәрінен жақсы адамсыз,  
Өзіңізді күр бекер қаралайсыз.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## **РАХИЛА АПАЙҒА ОНЛАЙН ХАТ...**

*(Ұстазым Рахила Кенжебекқызына арнадым)*

Рахила апай,  
Жақсы ма хал-жәйіңіз?  
Жарқыраған жұлдыздай маңдайыңыз.  
Карантинде хат жаздым Сізге онлайн,  
Көрінсінші жақын боп шалғайымыз.

Жүздесу де Сізбенен қалыс қапты-ау,  
Таныс өлең арнадым –  
Таныс жаттау.  
Оңбай тұрған онсызда арамызды,  
Карантин кеп тағы да алыстатты-ау.

Сіз мектепте,  
Мен үйде  
Қызық болды-ау,  
Түпсіз ойлар жанымды мүжіп болды-ау.  
Карантинде Сіз жайлы көп ойландым,  
Содан... жаздым,  
Үзік сыр,  
Үзік толғау.

Айналышықтап жүр мені-ай анық құрдым,  
Әбден Сізді мен, бәлкім, жалықтырдым.  
Бүгін бәрін артқа сап  
«Көңіл» атты  
Үйіңізге жырыммен барып тұрмын.

Бүгін Сізді басқаша танып тұрмын,  
Көңілімді көп жәйтқа қанықтырдым.  
Ал, мен болсам бөлмеге қамалып ап,  
Бар өшімді өлеңнен алып жүрмін.



Рахила апай,  
Хәліңіз қалай бүгін,  
Тәрк етпесін бір Сізді арайлы күн.  
Өлең жазып сырласқым келді Сізбен,  
Көңілімнің көшіріп «талай жүгін».

Көңілімнің көгінде айсыз бейне,  
Жақсы адамың көп болса байсыз, дей ме?!  
Сәл нәрсеге шарт-пұрт боп шыға келер,  
Мінезім бар менің де жайсыз кейде.

Бір мәз болсам, қуанып ұсақ затқа,  
Бір көрінем жыларман құсап жатқа,  
Жақынымды көргенде анда-санда,  
Сағынышты басалман құшақтап та.

Бұл карантин соқпады-ау оңай маған,  
Жынданады екен-ау солай да адам.  
Телефон мен телміріп компьютерге,  
Тек өзімді көремін қолайнадан.

Ұстаз дейтін  
Сіз – менің ұлығым да,  
Һәм басшысыз білікті бір ұжымға.  
Қайсар мінез Мәншүк пен Әлиядай  
Сізден көрдім асылдың сынығын да.

Карантинде қалыппыз біз де есейіп,  
Бірімізді біріміз іздесейік.  
Рахила апай, оқуға қайта оралып,  
Жақсы күнде мектепте жүздесейік.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*

## САҒЫНДЫМ ТАҒЫ, САҒЫНЫП БАРАМ...

Бөленіп жүрмін сезімге сырлы,  
Құбылып барам өзім де түрлі.  
Жазбағанменен сезімді хатқа,  
Маздаған оты көзімде тұрды.

Өзгеріп салды өмірім менің,  
Қалмады, сірә, көңілімде мұң.  
Ұнамсыз деме ұнаттым сені,  
Күмәнсіз сенің сеніміңдемін.

Өзіңе жіпсіз байланды ырқым,  
Бақыттан басым айналды бұл күн.  
Бас ұра берем, алдана берем,  
Асыра берші айлаңды, шіркін!

Күткенде ессіз, торығып санам,  
Өзіңнен қалай қол үзіп қалам?!  
Мөлдіреп тұрған көзіңе қарап,  
Елжіреп біттім! Елігіп барам!

Көрмесем бір сәт, жабығып қалам,  
Сені іздеп кетем сабылып санам.  
Жанымның жазы, кетпеші жырақ,  
Сағындым тағы, сағынып барам!



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## КЕШІРШІ ЖАРАТҚАН, КЕШІР ПЕНДЕҢДІ!

«Дүние – бес күндік сарай», дер едім,  
Алаңдап артыма қарай беремін.  
Жасырдым деп жүріп,  
Мақшар күнінде,  
Әшкере боп шықса талай дерегім,  
Я, Раббым, жауабын қалай беремін?!

Өзіңсің – күш берер, құрыса әлім,  
Қалауыңмен ғана тыныс аламын.  
Алдыңа барғанда Қиямет күні,  
Жұмақтың, қайтемін, жылы самалын,  
Соған шақ болмаса дұрыс амалым?!

Қайыр да қалмады еш екпінімде,  
Түспеді-ау аузымнан өсек тірімде.  
Алла деп, алдыңа бір күн барғанда,  
Кәлимам болмаса кесек тілімде,  
Не болмақ жағдайым Есеп күнінде?!

Үңіліп жатпасам парыздарыңа,  
Астыңда зор хикмет, маңыз барына.  
Тағыда,  
Қасқайып қарсы тұрмасам,  
«Сынақ», деп өмірдің бар ызғарына.  
Не айтып ақталам ар-ұжданыма?!

Кезіксе құздармен қия алда сан,  
Жақсысын жаныма жия алмасам.  
Кешірші, Жаратқан,  
Кешір пендеңді,  
Көзімді зинадан тья алмасам,  
Сөзіңді санама құя алмасам.

Менмендік – ісімнің еш етті бәрін,  
Жаныма адамдық кеш екті дәнін.  
Қайтемін,  
«Мен болдым-толдым», деп жүріп,  
Бір күні келгенде – есепті шағым,  
Сол жақтан ашылса Есеп Кітабым?!

Тәуфиқ бер, айтылар арзан мадақтан,  
Таңдарым нұрлансын алдан әр атқан.  
Бізге де, Я Раббым, Меккеде болып,  
Бой көрсету бұйырсын Қағбам тараптан,  
Бәрін де нәсіп ет Аллам – Жаратқан!  
Бәрін де нәсіп ет Аллам – Жаратқан!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ЖАНЫ АСЫЛ АНАР АПАМА

Айналамда көп менің жақсы адамдар,  
Мұғалім бар, білікті басшы адам бар.  
Апаларым көп, бірақ арасында,  
Менің Анар апамдай – тапшы адамдар.

Көз жүгіртіп тылсымнің күшіне тым,  
Үңілмеді, тәйірі, ішіме кім?!  
Анар апам – жанымның арашасы,  
Айтқызбай-ақ мұңымды түсінетін.

Шалыс бассам, мен үшін уайымдады,  
Жаманымды жасырды бойымдағы.  
Мақтау сөзі – бойыма күш дарытып,  
Ақылымен ұшталды ойым дағы.

Өзім Сізді ел-жұрттан ерек көрем,  
Сыртыңыздан сүйеу боп, демеп келем.  
Мен жалындап өмірде жану үшін,  
Апау, Сіздей бір адам керек, дер ем.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **БИГІМНЕН ҚҰЛАТПАҢЫЗ, ӨТІНЕМ...**

Мен – АҚЫНмын!  
Жек көрмеңіз!  
Жекімең!  
Мейірімге жарымаған «жетім» ем.  
Биігім бар бағындырған басқаша,  
**БИГІМНЕН ҚҰЛАТПАҢЫЗ, ӨТІНЕМ!**

Әрбір адам – тұлға,  
Тілдеп көкімең,  
Көңіл-күйі байқалады бетінен.  
Сол көңілдің таумен тасын шағылтып,  
**БИГІНЕН ҚҰЛАТПАҢЫЗ, ӨТІНЕМ!**

Түртеді екен Мен пақырды не түлен?!  
Өз сыйымды кейде өзім кетірем.  
Әр көңілден жылу іздеп жүргенде,  
**МЕНЕН СУЫП КЕТПЕҢІЗШІ, ӨТІНЕМ!**

Күйген көңіл безіп кетсе бетімен,  
Мұң ұсынған кездеріме өкінем.  
Күйігімнен кетсем-дағы жынданып,  
**БИГІМНЕН ҚҰЛАТПАҢЫЗ, ӨТІНЕМ!**

Төмен кетсем,  
... деп жүргенде «жетілем»,  
Безуге де бұл Дүниеден бекінем.  
Мен Дүниеден безсем, мейлі...  
Тек Сіздер –  
МЕНЕН БЕЗІП КЕТПЕҢІЗШІ, ӨТІНЕМ!

Кемпірқосақ сияқтанып – жеті рең,  
Көңілдерге көрік берген «көпір» ем.  
Әр кірпішін өз қолыммен қалаған –  
БИГІМНЕН ҚҰЛАТПАҢЫЗ, ӨТІНЕМ!

Көз жазып бір қалсам өмір көшінен,  
Алжасқандай көрінермін есінен.  
Қандай күйге түссем дағы, ДОСТАРЫМ,  
ЖАЛҒЫЗ ТАСТАП КЕТПЕҢІЗШІ, ӨТІНЕМ!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## **ЖЫЛА, АСПАН, ЖЫЛА БҮГІН, КҮҢІРЕН!**

*(Денесі өртке оранған 5 қыздың рухына  
бағыштадым)*

Жыла, Аспан!  
Жыла, бүгін!  
Күңірен!  
Төрт бөлінді мендік ұйқы түнімен.  
Шер-дастанын арнап жатыр барша ақын,  
Жер жастанып жылағанның бірі – мен.

Келешекте бастайтұғын көшті ізгі,  
Беріп қойдық сұм ажалға бес қызды.  
Қолымыздан түк келмеді,  
Қайтейік,  
Сұлуларым, кінәліміз, кеш бізді!

Жыла!  
Жыла!  
Қайран жұртым, Қазағым!  
Жылап тұрып мен де өлең жазамын.  
Мұң сықтырды жанарымнан мына жәйт,  
Тұншықтырды жас жанымды аза-мұң.

Сең, жылама!  
Бес балапан!  
Жандарым!  
Жанбай жатып сөніп қалды-ау шамдарың.  
Жазғыра да көрме әке-шешенді,  
Сыртта жүрсе,  
Ол – сендердің қамдарың.  
Ата-анаңа керек болды деймісің,  
Өртке оранып тар лашықта жанғаның?!



Әкең кетті жанталасып жұмысқа,  
Үйдің қамын ойлағаны дұрыс та!  
Түн ішінде көше кезіп анаң жүр,  
Нан табам, – деп,  
Ел аман, жұрт тынышта.

Қызын қияр сұм ажалға қай ана,  
Әке деген оңай серттен тая ма?!  
Уа, Құдайым!  
Жалынамын!  
Қан жұтқан  
Ата-анадан Рақымыңды аяма.

Қан жылаған қайран әкеу, өз ана,  
Шіркін, жырым жан-жараңды жаза ма?  
Бар Қазақты зар жылатқан осынау,  
Шын қайғырып көңіл айтам қазаға.  
Шын қайғырып көңіл айтам қазаға.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ...**

Көсілейін мен бүгін көмейімнен жыр төге,  
Біздің елдің жігіттері ТЕКТІЛІГІ бір төбе.  
Әуелі Алла, содан соң,  
Мынау байтақ далаға –  
КӨК БӨРІНІҢ ҰРПАҒЫ ҚАЗАҚ дейтін жұрт еге.

Біздің елдің жігіттері – АРЫСТАҢДАР азулы,  
Қайран, ЕРІМ білмеген қамығумен қажуды.  
Тарихы бар тағылымды санасына сақталған,  
Жаңғырығы жылдардың жүрегінде жазулы.

Біздің елдің жігіттері – БАТЫРЛАР ғой, БАТЫРЛАР,  
Олар жайлы сыр шертер әлі талай ғасырлар.  
Білегінде күш-қайрат сарқылмаған – ЕРЛЕРІМ,  
Жүрегінде иманы жарқылдаған – АСЫЛДАР.

Біздің елдің жігіттері – жүрегінде оты бар,  
Көрсем ТАУмен елестер биік-биік ШОҚЫЛАР.  
Әрқайсысы өзінше – бір ӘЛЕМ ғой,  
Әлі алда  
Ел ішінде ЕРЛІГІ жыр-дастан боп оқылар.

Беу, Қазақтың жігіттері ҚЫРАН ҚҰСТАЙ қырағы,  
Қыран құсым биікке қалай ұшпай тұрады?!  
Мынау Отан – от-жалын, «жарықтардың» шырағы,  
Мынау байтақ кең дала – алыптардың тұрағы.

Досты алып құшаққа,  
Жау-дұшпанын жайратты,  
Таптай алмас ешбір ел – біздер тіккен байрақты.  
Мынау елдің мәңгілік иесіне айналған  
Жасай берсін  
ҚАЗАҚТЫҢ ЖІГІТТЕРІ ҚАЙРАТТЫ!



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **АНАШЫМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС**

*(Туған күнімде анама айтқан өлеңім)*

Анашым саған, анашым саған мың алғыс,  
Өсірдің бір ұл тіл алғыш.  
Ұяда жүрген балапан құсың бүгінде,  
Қияға ұшқан қыран құс.

Адам боп кету қиын-ау саған, – деп едің,  
Атақты болу не теңің?!  
Әр елді шарлап, әлі-ақ мен талай қыр асып,  
Әлемді аң-таң етемін.

Анашым саған анашым саған ризамын,  
Мен үшін жанын қиғаным.  
Балаңа бүгін «Алып күш» болып дарыған,  
Санама сенің құйғаның.

Барменен жоққа көніккен көнбіс баламын,  
Еркесі едім даланың.  
Ауылдан шыққан ұшқалақ ұлың бүгінде,  
Серкесі болды қаланың.

Қиырға сонау жеткізер мені қаламым,  
Баспасын сені қара мұң.  
Түркістан дейтін кішкентай жерде тұрып-ақ,  
Әлемді жаулап аламын.

«Мерекем», – дедім,  
Түскендей көктен салбырап,  
Бәрі де бос сөз, сандырақ.  
Құрсақта сақтап тоғыз ай мені, анашым,  
Көтерген өзің қалжырап.

Дей қалса біреу «Асылдан туған ер екен»,  
Артымда тұрған сен екен.  
Мен тойлап жүрген туған күн, асыл анашым,  
Бұл – нағыз сенің мерекең.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## ҚАБЫЛДАР БОЛСАҢ МҰҢЫММЕН БІРГЕ ҚАБЫЛДА...

Құлақ түр, жаным, ішімнен шыққан «дабылға»,  
Қашанда қуант қасымнан менің табыл да.  
Сабылма бекер қуанышымды қош көріп,  
Қабылдар болсаң мұңыммен бірге қабылда.

Сүйемін, десең,  
Жүрекке меңдік ашық жол,  
Жаныңды жалмар жаманнан, жаным, қашық бол.  
Сүйемін, десең сүйіктің болам, өтінем,  
Тек менен бұрын  
Мұңыма менің ғашық бол.

Дейсің ғой маған:  
– Көзіңмен күлкің ұнап тұр,  
Сезімнен шертер қиылдың өлең сұрап бір.  
Жырымды менің тыңдаудан бұрын, өтінем,  
Ішімнен шыққан мұңыма менің құлақ түр.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## ӘЙ, ВЕНЕРАМ...

Әй, Венерам, орның бөлек мен үшін,  
Сен талайға күш-жігердің кенісің.  
Дауысыңа құлақ түрсем, Құдай-ау,  
Жан дертімнің емі шын.

Сен, Венерам, қияметтік досымсың,  
Беделіңе тағы бедел қосылсын.  
Шабыт келіп көмейінен қысқанда  
Ақын досың жырдан қалай тосылсын?!

Әй, Венерам, сырласымсың - сен менің,  
Мен де сендей көп сыналған пендемін.  
Мың бұралған мына өмір жолында,  
Өз жанымды жырмен ғана емдедім.

Әй, Венерам, ақылшым да - өзің ғой,  
Салмақтап тұр әрбір айтқан сөзіңді ой.  
Дәйім өзің сабырға да шақырған,  
Кейде еркіме бермей жатса төзім бой.

Әй, Венерам, сенсің маған - мақтаныш,  
Сол үмітті мендік, досым, ақтаңыз.  
Талайларға болашақта жол нұсқар,  
Артыңдағы сендік қалып жатқан із.

Әй, Венерам, ажарың да бір бөлек,  
Қызғалдақтай құлпыртасың қырды ерек.  
Көңіліңе сыйлау үшін қуаныш,  
Өзің жәйлі жаздым бүгін сыр-дерек,  
Көңілімді қуанта гөр жырды елеп.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*



## АҚМАРАЛЫМ, АЖАРЫ АЙДАН ӘСЕМ...

*(Жас журналист Ақмарал Ғаниқызына арнадым)*

Ақмаралым, ажары айдан әсем,  
Ақылың да көркіңе сай ғана, сен!  
Ойнасыншы қанымда асау толқын,  
Жанымда жүр жарқырап жәй ғана Сен.

Қылдан нәзік көңілің,  
Қырдан сұлу,  
Сыңғырлаған құлақта сырғаң сұлу.  
Бүгін сенің жаныңды жұбатайын,  
Жүрегіңе жаудырып жырдан жылу.

Жиі арнайтын мен үшін ақылын шын,  
Қиялмайтын өзгеге жақынымсың.  
Сынға түссем,  
Өзіңсің - жанкүйерім,  
Бір мен үшін қысатын тақымын шын.

Бірге өттік не асу-белестерді,  
Біз жасаған еңбекті ел ескерді.  
Бірге жүріп өзіңнен, қарлығашым,  
Артық мінез көрмедім өрескелді.

Айналамда өзіңдей тілекшім жүр,  
Жақын келші, жүрегім дір етсін бір.  
Сендік наздан сарқылмас шабыт алсам,  
Меңдік жазған жаныңа гүл ексін жыр.

Ақмаралым, ажары айдан әсем,  
Ақылың да көркіңе сай ғана, сен!  
Ойнасыншы қанымда асау толқын,  
Жанымда жүр жарқырап жәй ғана Сен.



*(сол жақтағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай  
аласыз).*





## **ЖІГІТТЕРДІҢ ТӨРЕСІ МЕНІҢ АҒАМ...**

*(Қуат Ахметжановқа арнаймын)*

Жігіттердің төресі менің ағам,  
Көркем мінез, көрікті, керім адам.  
Бүгініме ризамын..  
Жаны жайсаң  
Бір асылды сыйлады желі маған.

Жүрегімде жырым бар - ақ шағала,  
Ақ шағалам ұшып бар жақсы ағам.  
Шабытымды шақырып бүгін тағы,  
Көңіліме бет бұрдым патша ғана.

Адамдығы көрінген айбарынан,  
Жел еседі, пах шіркін, айдарынан.  
Фейзбуктан мен тапқан Қуат ағам,  
Жаны жайсаң,  
Осындай жайдары жан.

Өзіне жоқ қасиет дарымаған,  
Өн бойынан күш-қуат арымаған.  
Қоңыр даусын естіртіп студиядан  
Тамсандырған талайды Дарын ағам.

Дауысына еліткен жан біткенді,  
Өнерімен ел-жұртты таң ғып келді.  
Жамандыққа қимаған Жақсы ағам бұл  
Адам түгіл құмырсқа жәндіктерді.

Үшқыр ойлы, зейінді, зерек ағам,  
Сыйың бөтен, құрметің бөлек маған.  
Дауысыңмен жырыма жан бітірдің,  
Еңбегіңді ерекше елеп бағам.

Жолағанды бездірер жоқ қылығың,  
Байқалады бойыңнан тектілігің.  
Ақын інің сыйластық құрметі, деп,  
Жүрегінен жыр жауһар төкті бүгін.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*



## **НЕСІПКҮЛ АПАЙҒА**

*(Өтебаева Несіпкүл апайыма арнаймын)*

Мен бүгін өлең жаздым ой толғатып,  
Көңіліме көнермес сөз орнатып.  
Әулиелер мекені саналатын,  
Түркістанда туған да бір зор бақыт.

Бұлақтың көзін ашу қамында бір,  
Қарасам, талай жақсы жанымда жүр.  
Жазамын бүгін,  
Сондай жанның бірі -  
Несіпкүл Өтебаева жайында жыр.

Нұрын шашқан күндей бір маңайына,  
Жол табатын көңілдің сарайына.  
Нар тұлғаның теңедім кең пейілін,  
Атып жатқан ақ таңның арайына.

Атағы жеткен сонау алыс қырға,  
Әпке болған Санжардай намысты ұлға.  
Һәм ұстаз, һәм журналист,  
Ел ішінде,  
Несіпкүл Өтебаева таныс тұлға.

Маған да демеу болып, жол нұсқаған,  
Жүрегіне менмендік орнықтаған.  
Тілей білсе жақсылық бар адамға,  
Саналады мен үшін сол мықты Адам?!

Алғыстан әппақ алқа тағындырған,  
Шәкірттері бар биікті бағындырған.  
Несіпкүл апайымыз талай жанды,  
Өр ұстаздық өнеріне табындырған.

Тағы да жыр қылып бір жар салатын,  
Журналистік қыры бар тамсанатын,  
Ақиқатты жазуға келген кезде,  
Қолына қалам емес, қамшы алатын.

Несіпкүл Өтебаева осындай жан,  
Іһәм әпкемдей, ұстазым, досымдай жан.  
Бүгін мен жанымдағы осы адамға,  
Өлең жазып, сый еттім тосын жайдан.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## МЕНИҢ ДОСЫМ...

(Досым Жансая Шорабековаға)

Менің досым,  
Менің досым Жақсы адам,  
Саялы ағаш бой бөрсеткен бақшадан.  
Өзі әдемі,  
Өзі ақылды,  
Ал, жасы  
18-ден аспаған.

Айналасын нұрға бөлеп басқаша,  
Жүре алмайды-ау жан жылуын шашпаса.  
Жансаялар көп те шығар,  
Әй бірақ,  
Менің досым,  
Бәрінен де Жақсы аса.

Шешендігі бөлек тұрар басқадан,  
Жақсы адаммен сырласудан қашпаған.  
Сөз сөйлесе тамсандырып маңайын,  
Құмға құлақ,  
Бітіреді тасқа жан.

Менің досым,  
Менің досым керемет,  
Оңай жанын қуанышқа бөлемек.  
Сәл нәрсеге қуанады балаша,  
Көңіліне жол тапсаңыз төрелеп.

Менің досым,  
Менің досым Өзімдей,  
Түніменен ойға батар көз ілмей.  
Ұйып тұрып тыңдасаңыз сөздерін,  
Күш-жігердің қайнар бұлақ көзіндеі.

Жазбаларын оқи қалсам жылимын,  
Шабыт алып жүрегіме жыр үйдім.  
Ардақты ана, сүйікті жар,  
Бұл досым,  
Ханшайымы бір үйдің.

Жансаяшым,  
Жақсы адамым,  
Жерлесім,  
Жыр арнадым шертіп жүрек пернесін.

Алты Алаштың ардақтысы бола бер,  
Алтын басың еш жамандық көрмесін.  
Мейіріммен жылу дейтін құндылық  
Тәрк етпесін жүрегіңнің бөлмесін.  
Дүниені сақтап қалар біздегі  
Достық дейтін ұғым әсте өлмесін.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## ЗАМАНДАС, БҮГІН ӨЗІМДІ ТАҒЫ ЖҰБАТТЫМ

Замандас, бүгін өзімді тағы жұбаттым,  
Арманға алыс, көз тігіп көкке ұзақ тым.  
Әр таңға деген үмітім келіп толтырды,  
Көңілге түскен қаяумен орнын сызаттың.

Қажыпшын, әлден, ұйқысыз атқан таңдардан,  
Жабықтым әбден жанымды ұқпас жаңдардан.  
Жер бетіндегі жөйіткіп жүрген пенденің,  
Бәріне бірдей ұнамасымды да аңғарғам.

Білмеймін,  
Алда сынақ бар қандай, қымбаттым.  
Аллаға аян!  
Ал, маған бәрі жұмбақ тым.  
Сынақта жүру бұйырса маған,  
Білерім;  
Қымбаттым, мәні сонда деп білем шын бақтың.

Сынақта жүру бұйырмай кеткен пенде көп,  
Тынымсыз зырғып айналып жатқан жерде доп.  
Ғажайып өмір жұмақта ғана.  
Бұл - фәни!  
Сынақсыз өмір бар, десе мұнда сенбе, жоқ.



*(жоғарыдағы QR-кодты пайдаланып  
поэзияның аудио нұсқасын тыңдай аласыз).*

## МАЗМҰНЫ

*Бауыржан Қарағызұлы*

**Өлең деген – Шынайылық**.....3

*Асылзат Арыстанбек*

**Ақынды ақын түсінбесе, сол қайғы...** .....5

*Ақмарал Ғаниқызы*

**Ғұмыры ғибаратты ғұлама** .....7

Уа, Алла! .....9

Сіз жақсы адамсыз..... 10

Менің «Жалғандарым» ..... 12

Ей, адамдар..... 15

Болмаңызшы жұрт айтқан сөзіне алаң..... 17

Алла білер... ..... 18

Пендеміз..... 20

Сені сүймеуім керек еді..... 21

Алыстан сыйлас менімен..... 23

Құзырыңа келдім тағы Жаратқан!..... 26

Мен өзіңе өлердей ғашық едім..... 28

Сіздей мінсіз болалмадым... ..... 29

Жалынбаймын..... 31

Өзгеруді бастаңыз өзіңізден..... 33

Әке-еу, мен сені сағынып жүрмін... ..... 35

Ей, бақытты адамдар, анасы бар... ..... 37

Мен, мен деме... ..... 39

Ұмыт бәрін..... 40

Үйдегі келіннің «Келіні»..... 41

Тағы мен кінәлі... ..... 43

Сен кеше басқаша едің... ..... 45

Күліп жүрші... ..... 47

Дұға, бұл – үлкен ғибадат!..... 48

Сабыр! .....	50
Расында, мен де бақытты адам екенмін.....	51
Мені ұнатпайтын адамдар.....	52
Қайда жүрсің, кейіпкері түсімнің?!.....	54
Сабырдан мүлде ада боп жүрмін.....	55
Көңілге қарап сөйлеші маған.....	57
Сүйші мені.....	59
Елемедің.....	61
Қолдашы, қолда, Құдай!.....	63
Оқырманым!.....	65
Керегім бар ма сізге? .....	67
«Өкпешіл боп алыпшын соңғы кезде...» .....	69
Сыртымнан тон пішетін достарым-ай!.....	71
Кім не айтса мен жайлы сене берме.....	73
Әй, күйгелек досым-ай! .....	75
Өлең жазғым келеді де тұрады... ..	77
Сынақта жүрміз, сынақта, апа! .....	78
Ренжімеймін.....	80
Келші, апа, кафеде күтем сені!.....	81
Анамды көруге барамын.....	83
Әй, жүрегім.....	85
Мекен еткім келеді алыс қырды... ..	87
Сенен қайран жоқ.....	89
Нәпсіңмен күрес!.....	90
Ей, нәпсім!.....	91
Сүйдіремін, деп жүріп... ..	93
Дүниесің.....	95
Алтын тәжім.....	97
Сүйіпсің мені.....	98
Сүйме мені.....	100
Телефон соғып едім көтермедің.....	101

Дос болалман сізбенен.....	103
Сүйкімді бол!.....	105
Бұл дағы – сенің сынағың... ..	106
Қарттар үйінде .....	108
Мүсіркеме.....	110
Кешір, мені!.....	112
Санаушы едім өзімді ақылды адам.....	114
Патша боппын қасымда сіз барында... ..	115
Кетесіз бе менімен жырақтарға? .....	117
Жалғыздық дей ме ... ..	119
Мен тірімін, ей өмір, естимісің?!.....	121
О, фейзбугім!.....	122
Дос керек маған... ..	124
Ұстаз .....	126
Аңсағаным еркіндік!.....	128
Екіжүзді дос .....	130
Жүрегі бар досым менің.....	132
Рахила апайға онлайн хат.....	133
Сағындым тағы, сағынып барам... ..	135
Кешірші жаратқан, кешір пендеңді! .....	136
Жаны асыл анар апама .....	138
Биігімнен құлатпаңыз, өтінем.....	139
Жыла, аспан, жыла бүгін, күңірен! .....	141
Біздің елдің жігіттері.....	143
Анашым, саған мың алғыс .....	145
Қабылдар болсаң мұңыммен бірге қабылда... ..	147
Әй, Венерам... ..	148
Ақмаралым, ажары айдан әсем... ..	149
Жігіттердің төресі менің ағам... ..	150
Несіпкүл апайға.....	152
Менің досым.....	154
Замандас, бүгін өзімді тағы жұбаттым.....	156

Санжар Ғұлама

*Сіз жақсы адалсыз*

*Редактор:*

*Асылзат Арыстанбек*

*Мұқабаны безендірген:*

*Қайсар Берікұлы*

*Өлеңдерді оқыған*

*Жәнібек Әшімжан*

*Компьютерде беттеген:*

*Е. Мейірбеков*

Басуға 16.07.2021 қол қойылды.

Қалыбы 84x108  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік басылым.

Қаріп түрі: Palatino Linotype

Есепті баспа табағы 10.0

Шартты баспа табағы 8.4

Таралымы 1000 дана.